



Орман отқа
оранбас үшін

2-бет



Инфрақұрылым
жетістігі
жеңіске бастайды

6-бет



Аңыз театр
Арқаға келді

8-бет



Қарызы жоқтың көңілі тоқ



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кезекті Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Аманат» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасын ерекше атап өткені бар. «Бұл жоба аз уақытта өзінің тиімділігін көрсетті. Үкіметке «Аманат» партиясымен бірлесіп, оның ауқымын кеңейтуді тапсырамын. «Қарызсыз қоғам» жобасының игілігін бүкіл еліміз көруі қажет», – деді. Жобаның маңыздылығын былтырғы Жолдауында да айтты. Әсіресе, алаяқтардың құрығынан сақтану үшін «қазір қаржы және экономика негіздерін білу, қарапайым цифрлық дағдыларды меңгеру аса маңызды болып тұр. Осы ретте, «Аманат» партиясы ұсынған «Қарызсыз қоғам» жобасын атап өткім келеді», – деген болатын Президент.



Коллаж жасаған Шынар Адамбекова

Жасыратыны жоқ, қазір банктерден шектеусіз несие алып, қарызға белшесінен батып отырған қазақстандықтардың қатары көп. Халықтың несиеге тәуелділігі мен қаржылық сауатының төмендігі әлеуметтік проблемаға айналды. «Қарызсыз қоғам» жобасы Президент тапсырмасымен осымен екінші жыл әлеуметтік проблеманы шешуге атсалысуда.

Жобаның Қарағанды облысы бойынша

жетекшісі Әсел Атабаеваның айтуынша, «Қарызсыз қоғам» жобасы қоғам тарапынан бірте-бірте сұранысқа ие болып келеді. Қаржылық сауатын ашып, оқытуға қатысқысы келетіндер қатары да өсіпті. Былтыр жыл соңына қарай оқығысы келетіндердің кезегі қалыптасыпты. Алайда, биыл енгізілген өзгерістерге сәйкес оқыту мақсатты түрде жүргізілуде.

– Жоба аясында былтыр кез келген қа-

зақстандық оқып шықты. Ал, биыл жоба тек қаржы ұйымдарына 90 күннен асқан берешегі бар адамдарды оқытуды қолға алды. Мұндай адамдар ел бойынша 1,5 миллионнан асады. Сондықтан, жобаны жүзеге асыруға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қосылды. Былтыр енгізілген Отбасының цифрлық картасына тіркелген D, E санаттағы адамдар оқиды.

► 4-бет

Қар – жерге ырыс, ылғал – елге ырыс



ПРЕЗИДЕНТ
РЕФОРМАСЫ

ДАМУДЫҢ 6 ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында «Қазақстан егіс алқабы және жайылымдық жер көлемі жағынан әлемде алтыншы орын алады. Біз бидай экспорттайтын 10 ірі мемлекеттің қатарына кіреміз. Үн экспорты бойынша көш басындағы елдің біріміз...» дей келе, агроөнеркәсіп кешені бәсекеге қабілетті озық сала болуы керектігін баса айтты. Осы орайда, Қарағанды өңірінде де аграрлық салада айтарлықтай жұмыстар жүзеге асып жатыр.



Коллаж жасаған Шынар Адамбекова

Жалпы, агроөнеркәсіп кешенінің дамуы мен табысы бойынша Қарағанды облысы жетекші бес облыстың қатарында. Өңір экономикасында аграрлық саланың алатын орны айрықша екенін осыдан анық байқауға болады.

«Көктемнің әр күні – жылға азық» демекші, қыста жауған қар мен жауын-шашын көктемгі дала жұмыстарына айтарлықтай әсер етеді. Бітік егін мен қамба толы астық жердің ылғалына тікелей байланысты. Қар қалың жауса, қыр-

дағы шаруагер, «қуаңшылық болмайды» деп қуанады. Алайда, биыл қардың аз түсуі, диқандарды алаңдатып отырған жайы бар.

► 4-бет

ORTALYQ
QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, редакцияда және Kaspi QR арқылы ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 ай 10 447,44 тг
Жеке жазылушылар	6 айға 3 386,60 тг
Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 айға 5 882,60 тг
Жеке жазылушылар	6 айға 3 074,60 тг

Анықтама телефоны:
41-26-85, 8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

Мекенжайымыз:
Ермеков көшесі, 33 үй,
8-қабат

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жерлес

ұстаздар – жеңімпаз

Қарағандылық қазақ тілі мен математика пәнінің мұғалімдері республикалық байқауда жеңімпаз атанды. «Оқу және математикалық сауаттылық: табысты синергия» байқауының республикалық кезеңіне Астанада еліміздің 200 педагогы – 100 қазақ тілі пәнінің мұғалімі және 100 математик қатысты. Облыс құрамасына 10 педагог енді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Барлық оқытушылар оқырмандық сауаттылық пен логикалық ойлауды бағалаудан тұратын алдын ала іріктеуден өтті. Байқауға қатысушылар қазақ тілі, қазақ әдебиеті және математика бойынша тапсырмалар орындады.

Бірінші турда педагогтар әр бейін бойынша 50 сұраққа жауап беріп, екінші турда өңірлердің құрама командалары логикаға негізделген 120 тапсырманы шешті.

– Тапсырмалар күрделі болды. Бірақ форматы қызықты әрі ерекше. Бір ортақ мәтін бойынша қазақ тілі, әдебиет және математика бойынша тапсырмалар жасалды. Жауап беруге 5-10 минут берілді, – деді Ә. Ермеков атындағы мектеп-лицейінің математика пәнінің мұғалімі Ербол Нұрғанат.

Байқау қорытындысы бойынша қарағандылықтар бірінші орынды Жамбыл облысының педагогтарымен бөлісті. Гран-приді Батыс Қазақстан облысы құрамасы жеңіп алды. Екінші орынды Абай облысы мен Алматы қаласының командалары иеленді. Үшінші орында – Қызылорда және Ақтөбе облыстарының құрамалары.

DIGITAL
KAZAKHSTAN

Дронды басқаруға үйретеді

Бүгінде еліміздегі 1100 мектепте STEM-зертханалар базасында дрондарды басқару үйірмелері ашылды. Бұл үйірмелерде оқушылар дрондарды құрастыру мен бағдарламау дағдыларын меңгеріп, техникалық ойлау қабілетін, инженерлік машықтарын және практикалық дағдыларын дамытады.

Мұндай үйірмелердегі оқушылар робототехника бойынша түрлі жарыстарға белсене қатысуда. Жуырда ұлттық Asrap Drone Competition турнирінің жеңімпаздары Қазақстан намысын халықаралық деңгейде қорғайтын болады.

Сонымен қатар, еліміз бойынша 24 жас техниктер станциясы мен техникалық шығармашылық орталық жұмыс істеп тұр. Бұл орталықтарда балалардың инженерлік және өнертапқыштық қабілеттерін дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Биыл техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында сұранысқа ие жаңа мамандық – дрон операторы бойынша мамандарды даярлау ісі басталады.

Айым ЖОЛДЫБАЙ,
Е.Бокетов атындағы Қарағанды
зерттеу университетінің
IV курс студенті

Театр тарландарын қабылдады

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев келер жылы 100 жылдығын атап өтетін Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының көркемдік жетекшісі, КСРО және Қазақстанның Халық әртісі Асанәлі Әшімовпен және театр директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін Жуасбекпен кездесіп, ғасырлық той қарсаңындағы ұжымның еңбегіне сәттілік тіледі.



— Театрдың өңірімізге келуі — айтулы оқиға. Біз өнерлеріңізді мақтан тұтамыз және жетістіктеріңізге қуанамыз. Барлық спектакльдерде аншлаптар болатынына сенімдімін, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Қонақтарды Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова, Сәкен Сейфуллин

атындағы театрдың жетекші әртістері Кеңес Жұмабеков, Қайрат Кемалов қарсы алды.

1926 жылы шымылдықты алғаш рет ашқан М.Әуезов атындағы Каздрамтеатр өз тарихында түрлі кезеңнен өтіп, ұлттық өнердің нышанына айналды. Бүгінде бұл — басқа ұжымдар үлгі тұтатын театр мектебі.

— Қарағандының маған бөтендігі жоқ. Бірнеше рет қарағандылық театрлар сахнасына шығып, гастрольдік сапармен келдім. Қарағандыда да жақсы театр мектебі бар. Жалпы, театр — халыққа ең жақын өнер түрі. Біздің әрбір жұмысымыз — көрермендер алдындағы шығармашылық есеп. Жылдар бойы мен аға әріп-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

тестерімнің шеберлігін бойыма сіңірдім. Олардың бірі — Қали Байжанов. Мен осындай шеберлерден үйренгеніме қуаныштымын. Қазір білімді жастармен қуана бөлісемін, — деді Асанәлі Әшімов.

Театр директоры Еркін Жуасбек Қарағандыға ұжым үлкен труппамен, яғни, 70-ке жуық адаммен келгендерін айтты. Оның 40-ы — актерлер. Өздерімен бірге спектакльдерге декорациялар мен бірегей көрме әкелген.

— Қарағандыда театрға қолдау жоғары. Мұнда өтетін фестивальдерге көп театрлар қатысқаны келеді. Бұл — тек жеңіс үшін емес, тәжірибе алмасу үшін қажет. Өзімізбен бірге қойылымдардың декорацияларын, сондай-ақ, театр мұражайының бірегей көрмесін алып келдік, — деді Еркін Жуасбек.

Қонақтар сондай-ақ, заманауи театрға қатысты өз ойларымен бөлісті.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінен

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Арнаулы төлем алғандар көп

2025 жылдың I тоқсанының қорытындысы бойынша зиянды еңбек жағдайларында ұзақ уақыт жұмыс істеген 1940 қазақстандыққа арнаулы әлеуметтік төлем тағайындалды. Аталған төлемді тағайындауға жалпы 1957 адам өтініш білдірген. Өңірлер бөлінісінде арнаулы әлеуметтік төлемді тағайындауға жүгінгендердің ең көп саны Қарағанды облысында тіркелген. Оның ішінде, екі дереккөзден — 17 адам, төрт дереккөзден — 217 адам осы төлемді алған. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Арнаулы әлеуметтік төлем екі, яғни, республикалық бюджет және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан, не болмаса, төрт көзден — республикалық бюджет, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, жұмыс беруші және өмірді сақтандыру компа-

ниясы арқылы тағайындалады. Бұған дейін хабарланғандай, 2024 жылдың I қаңтарынан бастап Қазақстанда зиянды еңбек жағдайларында ұзақ уақыт жұмыс істеген адамдарға арнаулы әлеуметтік төлем бекітілді.

«Арнаулы әлеуметтік төлем

тағайындау үшін 55 жасқа толуы керек. Сонымен бірге, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында кемінде 7 жыл кәсіптік зейнетақы аударымдарының болуы міндетті. Төлем зейнеткерлік жасқа дейін төленеді. Арнаулы әлеуметтік төлемдерді алу

үшін еңбек жағдайында зиянды жұмыстармен айналыспауға тиіс. Жұмыскерлер жеңілдік жұмысқа ауысады, содан кейін олар жалақы мен төлем алады немесе демалысқа шығып, зейнетке шыққанға дейін арнаулы әлеуметтік төлем алады» дейді министрліктің баспасөз қызметі.

2024 жылды АӨТ 13 568 азаматқа тағайындалған. Төлемнің орташа мөлшері 208 мың теңгеден асты.

Өз тілшімізден

• БРИФИНГ

Тасқынды тыңғылықты дайындық тоқтатады

Облыста су тасқынының алдын алу мақсатында ауқымды дайындық шаралары қабылданды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте «Қазушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қарағанды филиалы мен Нұра-Сарысу бассейндік инспекциясының өкілдері мәлімдеді. Су қоймаларындағы жағдай тәулік бойы бақылауда, ал, гидротехникалық нысандардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін кезекшілік ұйымдастырылған. Қауіп жоғары аумақтарда қорғаныс бөгеттері салынып, өзен арналары тазартылды. Жүйелі әрі үйлестірілген шаралар арқасында биылғы тасқын кезеңін қауіпсіз өткізу көзделіп отыр.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен сөз алған «Қазушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қарағанды филиалы директорының міндетін атқарушы Муслим Ақжолын су тасқыны кезеңіне әзірлік жұмыстары жайында хабарлады. Спикердің сөзінше, филиал бұйрығына сәйкес көктемгі тасқын суларды апатсыз өткізу және гидротехникалық құрылыстардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін арнайы комиссия құрылып, нақты іс-шаралар жоспары бекітілген. Бұдан бір жыл бұрын жүргізілген дайындық жұмыстары аясында үш ірі су қоймасында — Ынтымак, Ащысу және Шокайда — жергілікті хабарлау жүйелері орнатылды. Бұл жүйелер төтенше жағдайлардың алдын алуға және жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

— Сонымен қатар, қажетті материалдар мен отын-май қорлары да даяр көрінеді. Мәселен, 760 тонна құм-киыршық тас қоспасы, 1260 тонна қоқыс тастары, 2 тонна жанармай және 13 тонна дизель отыны жеткізілген. Нұра-Сарысу бассейндік инспекциясы және

Қарағанды мен Ұлытау облыстарының төтенше жағдайлар департаменттерімен бірлесіп, су шаруашылығы объектілеріне су тасқыны алдындағы тексеру жүргізілген. Барлық маңызды нысандарда тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған. Су қоймаларындағы төгінділер туралы деректер әкімдіктерге, төтенше жағдайлар департаментіне және өңірлік жедел штабтарға тұрақты түрде жолданып отыр. Бұл ақпарат негізінде жедел шешімдер қабылданауда, — деді Муслим Семсерұлы.

Су қоймаларының жұмыс тәртібі — суды пайдаланудың белгіленген қағидаларына және арнайы бекітілген кестеге сәйкес реттеледі. Бүгінгі таңда жағдай ерекше бақылауда. «Нұра-Сарысу бассейндік инспекциясы», «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны, облыстық төтенше жағдай департаменті және жергілікті билік өкілдерімен тұрақты ақпарат алмасу жүргізіліп жатыр. Су тасқынының күтілетін көлеміне байланысты, су қоймаларынан суды ертерек жіберу жұмыстары



Инфографиканы жасаған Арайым Көкеева

жүзеге асырылды. Филиал мамандары көктемгі су тасқыны кезеңін қауіпсіз әрі басқарылатын жағдайда өткізу үшін барлық қажетті шаралар қабылданғанын мәлімдеді.

Өз кезегінде сөз алған «Нұра-Сарысу бассейндік инспекциясының» басшысы Әлия Мырзағалиева негізгі үйлестіруші рөлді Нұра-Сарысу бассейндік су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі инспекция атқаратындығын қаперге салды. Аталған құрылым су ресурстары саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі ретінде бассейн аумағындағы су қорларын пайдалану мен қорғауға жауапты.

Инспекция өз жұмысын еліміздің су заңнамасына сәйкес жүргізеді. Яғни, ортақ пайдаланудағы, салаларлық және мемлекетаралық маңызы бар ірі су қоймаларының жұмыс режиміне бақылау жасап, аталған нысандардың қауіпсіз әрі тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді. Бұл жұмыс арнайы бекітілген пайдалану режимдері мен су ағызу кестелеріне сай атқарылады.

— Көктемгі тасқын кезеңіне дайындық аясында «Қазгидромет» РМК деректеріне сүйене отырып, ірі су қоймаларынан алдын ала су жіберу жұмыстары жүргізілді. Бұл қоймаларда тасқын суларды жинау

Орман отқа оранбас үшін



Қарағанды облысында өрт қауіпсіздігі бойынша алдын алу жұмыстары күшейтілді. Атап айтқанда, аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен кеңейтілген отырыста өрт қауіп бар маусымға дайындық мәселелері талқыланды. Облыстың төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, аймақ орман өрттерімен күресуге сакадай сай. Жауапты органдар күш біріктіріп, көктем мен жаз айларында жпйлейтін орман және дала өрттерінің алдын алу мақсатында ауқымды дайындық жұмыстары жүргізілуде.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Төтенше жағдайлар департаментінің хабарлауынша, барлық аудан мен қалада мобильдік топтар жасақталған. Олардың құрамында құтқарушылар, полицейлер, орман шаруашылығының мамандары бар. 1390 адам, 313 техника жұмылдырылған. Бұл күштер өрт шыққан жағдайда жедел әрекет етуге дайын.

Орман алқаптарына іргелес жатқан аумақтарға ерекше көңіл бөлінеді. Онда алты елдімекен, төрт лагерь, жиырмадан астам демалыс аймағы және тоқсанға жуық саяжай кооперативтері орналасқан.

— Облыста 57 өрт сөндіру бекеті жұмыс істейді. Бүгінде өртті ерте анықтау аса мәнге ие. Сондықтан, ұлттық парктер мен орман шаруашылықтарын ерте анықтаудың сандық жүйелерімен жарактандыру қажет, — дейді облыстың төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Марғұлан Аманбаев.

Бұл жерлерде бақылау күшейтіліп, қосымша рейдтік шаралар ұйымдастырылады.

Кеңейтілген отырыста, сондай-ақ, 2025 жылға арналған орман өрттерінің алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Алғаш рет Қу орман шаруашылығының аумағын авиациялық қорғау мәселесі шешілді. Сонымен қатар, Темір-

тау, Шахтинск, Пришахтинск және Қарағандының Кирзавод ауданында өртті ерте анықтау камералары орнатылды. Бұл цифрлық жүйелер өртті басталған сәтінен-ақ анықтап, дер кезінде әрекет етуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, бір өрт қадағалау мұнарасы жөнделіп, алты орман өрт сөндіру станциясы салынған.

Билік халықты сақтық шараларын сақтауға және құрғақ шөпті өрттемеуге шақырады.

Ермағанбет Бөлекпаев барлық бағыттар бойынша жұмысты жандандыруды тапсырды.

— Өрт үнемі дайындықты және жедел әрекет етуді талап етеді. Қауіп-қатерлерді азайту үшін тұрақты негізде рейдтер ұйымдастыруды, материалдық-техникалық базаға ревизия жүргізуді, өртке барынша бейім жерлерге — орман және орманды дала алқаптарында қосымша бақылау бекеттерін қоюды тапсырамын. Ауыл шаруашылығы құрылымдары табиғи өрттің тарауын болдырмау үшін шабындық жерлердің айналасында минералдандырылған жолақтар құруға міндеттелсін. Ең бастысы — адамдардың қауіпсіздігі, — деді Ермағанбет Қабулаулы.

Биыл республикалық маңызы бар ұлттық табиғи паркінде алты орман өрт сөндіру станциясын салу жоспарланып отыр. Оның төртеуі — Қарқаралы паркінде және біреуі — Бұйратауда, Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығында.

Сурет облыс әкімдігінен

Отандық фармацевтиканың бірегей ошағы

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев фармацевтика саласының дамуына ерекше көңіл бөліп, бұл секторды елдің стратегиялық басымдықтарының бірі ретінде айқындады. Президент қойған негізгі мақсат – 2025 жылға қарай Қазақстанда дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтардың отандық өндірісінің үлесін 50%-ға дейін жеткізу. Бұл мақсатқа жету үшін мемлекет отандық өндірушілерді қолдап, олардың өнімдерін арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыруда. Аты әлемге танылған «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы бұл үдеден шықты. 1995 жылдан осы уақыт аралығында орталық дәрілік шикізатты өндіруден бастап, бастапқы фитопрепараттардың дайын дәрілік түрін шығаруға дейінгі толық технологиялық циклды іске қосты. Отандық өндіріске басымдық берген мемлекеттің қолдауынсыз бүгінгі жетістікке жету мүмкін емес.



Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінгі жетістік – ертенгі тарих

Ғылым мен ізденісті, инновация мен технологияларды табысты үйлестіре білген орталық цехтары бүгінгі таңда жылына 2 млн ампула, 120 млн таблетка, сондай-ақ, бәсекеге қабілетті фитопрепараттардың капсулаларын шығарып отыр. Әлемнің 11 елінде патенті бар «Арглабин», «Салсоколлин», «Саусалин», «Экдифит», «Экдисоп», «Аяфрол» және басқа да бірегей дәрілік препараттарды жасауы – орталықтың бірегей жетістігі. Осы дәрілік препараттарды шығаратын Қарағанды фармацевтикалық зауытын салу және пайдалануға беруі орталықтың ірі және табысты жобасына айналды. Ал, маңдай тер, адал еңбек оның маңызын арттырып, құндылығын еселей түсті. Бүгінгі жетістікке жеткізген даңғыл жол осыдан тура 30 жыл бұрын бастау алған-ды.

1994 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Фитохимия институтын ұйымдастыру туралы шешім қабылдайды. Шешім Үкімет пен облыс әкімдігі тарапынан қолдау тапты. Келесі жылы 7 сәуірде Үкімет Қаулысымен Фитохимия институты республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ашылды. Атауы мен құрылымы бірнеше рет өзгеріп, 2023 жылы «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы» акционерлік қоғамы болып құрылды.

– Үкімет Қаулысы бойынша «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы химиялық, фармакологиялық, биологиялық және фармацевтикалық 12 ғылыми-зерттеу бөлімшесін қамтитын елдің стратегиялық объектілеріне жа-

тады, – дейді орталық директоры Серғазы Әдкенов. – Орталықтың стратегиясы мемлекеттің стратегиялық құжаттарында және салалық бағдарламаларда көрсетілген ғылыми зерттеулер саласындағы мемлекеттік саясаттың міндеттерін іске асыруға бағытталған. Ең алдымен, отандық фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытуға, оның ішінде, жеке инвестицияларды тарта отырып және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде қазіргі заманғы отандық және шетелдік технологияларды енгізуді қамтамасыз ететін серпінді жобаларды әзірлеу және іске асыру. Химия, фармацевтика және дәрілік заттар технологиясы саласындағы іргелі, гранттық және қолданбалы зерттеулер бағдарламаларын іске асырамыз. Қарағанды фармацевтикалық кешені өндірісін халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес сертификаттау жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, қолда бар ғылыми-технологиялық әзірлемелерді коммерцияландыру, оларды нарыққа шығару, зияткерлік меншікті пайдалану арқылы отандық фармацевтикалық өндірісті дамыту үшін инвестициялар тарту – біз басымдық беретін бағыттар.

«Фитохимия» орталығында қолданбалы әзірлемелерді қоса алғанда, іргелі зерттеулер мен өндіріске ғылыми технологияларды енгізуге дейінгі өтепелі ғылыми-техникалық әзірлемелер жасалады. Бір сөзбен айтқанда, «Фитохимия» орталығы биологиялық белсенді заттарды іздеу, дәрілік шикізатты өсіру, оны қайта өңдеуден бастап, жаңа препараттардың дәрілік нысандарының тәжірибелік-өнеркәсіптік партияларын өндіруге дейінгі бірегей отандық фитопрепараттарды кешенді әзірлейді. Бұл – ғылыми зерттеулерден бастау алып, нәтижелерін іс жүзінде өндіруге дейінгі үзілмейтін циклды қамтамасыз етудің нақты мысалы.



Ғылым – инновация көзі

Орталық құрылған кезден-ақ «Өмір туралы ғылым», «Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, шикізат пен өнімді қайта өңдеу» ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Бұл ретте 65% қолданбалы және іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын, 25% шаруашылық келісімшартты, 10% бөгде ұйымдардың тапсырысы бойынша жобаларды құрайды. 30 жылда «Фитохимия» орталығы 15 ғылыми-техникалық бағдарламаның және 50-ден астам іргелі және қолданбалы зерттеулердің гранттық жобалардың бас ұйымы және жауапты орындаушысы болды.

Қазіргі уақытта «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы фармацевтика саласындағы инновациялық жобаларды іске асыру орталығы ретінде отандық фармацевтика өнеркәсібін дамы-

тудың мемлекеттік бағдарламасына қатысатын ғылыми және өнеркәсіптік кәсіпорындардың күш-жігерін бір арнаға шоғырландырып отыр.

Орталық қазіргі таңда бірқатар инновациялық жобаларды жүзеге асыруда. Мәселен, сұйытылған көмірқышқыл газын суперкритикалық режимде пайдалануға негізделген технологиялық процесті әзірледі және өндіріске енгізді. Бұл экологиялық таза технология негізінде өсімдік шикізатынан биологиялық белсенді заттар кешенін алуға мүмкіндік береді. Оның базасында CO₂-экстракция учаскесі ұйымдастырылып, дәрілік өсімдік шикізатынан CO₂-сығындыларының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісі жолға қойылды.

Дәрілік тиімділігі жоғары сұйық хроматографиямен үйлесімде орталықтан тепкіші тарату хроматографиясын қолдану арқылы жеке табиғи қосылыстарды алу тәсілі оңтайлы болып табылатыны анықтады орталық мамандары. Сонымен қатар, орталық базасында ел Үкіметінің Қаулысын орындау үшін дәрілік заттардың стандартты үлгілері, 3 600 табиғи қосылыстар және олардың туындылары бойынша ақпараттық деректер базасы бар биологиялық белсенді қосылыстардың республикалық банкі ұйымдастырылға-

тарды Еуропаға шығаруға мүмкіндік береді.

Қытайдың «Shanghai Zenith Biotech Co.Ltd» компаниясымен қазақстандық өсімдік шикізатынан алынған биологиялық белсенді қосылыстар негізінде субстанция өндіру жөніндегі бірлескен кәсіпорынды ұйымдастыру туралы келісім жасалғаны да аймаққа келген инвестицияның жарқын үлгісі. Сонымен қатар, «Фитохимия» орталығы Қарағанды фармацевтикалық кешенінің екінші кезегін салу үшін Ұлттық инновациялық қордың, ал, үшінші кезегі үшін ресейлік «Фармстандарт» фармацевтикалық компаниясының инвестициясын тартты.

Осы орайда Мемлекет басшысы сөз еткен айтқан шетелдік инвесторлармен ынтымақтастықты нығайту арқылы фармацевтика саласына инвестиция тартудың маңызы туралы айтпай кетуге болмайды. Бұл – отандық өндірісті дамытуға және жаңа технологияларды енгізуге мүмкіндік беретін тың серпіліс.

Әлемнің 17 елінің 150-ден астам белгілі шетелдік ғалымдарын біріктіретін Дәрілік заттар химиясы жөніндегі халықаралық орталықтың «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығында орналасуы оның инвестициялық тартымдылығын арттырады. Әрі




кәсіпорынның табиғи қосылыстар фитохимиясы мен фармакологиясы саласындағы жетістіктерінің мойындалуы деуге толық негіз бар. Ал, кәсіпорын жетістігінің мойындалуы – ондағы мамандар еңбегінің жемісі.

Білікті маман – басты қажеттілік

Кәсіпорын құрылған сәттен бері әлемге танылған ғылыми мектеп құрылды десек, артық айтқандық емес. Ұжымда Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының екі академигі, екі корреспондент-мүшесі бар. Ғылыми қызметкерлері 17 докторлық және 60-тан астам кандидаттық диссертацияны сәтті қорғады, 20 PhD докторы және 30-дан астам магистрлер даярлап шықты. 1995 жылы 12 ғылыми қызметкер болса, биыл ғылыми қызметкерлер қатары 119-ға жеткен. Мамандарға жан-жақты қолдау – оларды ынталандырудың басты жолы.

«Фитохимия» орталығының өндірістік цехы мен зертханаларының базасында жыл сайын 300-ден астам студент, магистранттар мен докторанттар оқу-өндірістік және дипломдық практикадан өтеді. Өйткені, Қарағанды фармацевтикалық зауыты – республикадағы дәрілік шикізатты өңдеуге арналған тәжірибелік шаруашылыққа да, осы шикізатты өңдеуге, субстанция өндіруге және дайын лекформаларды шығаруға арналған цехтары бар жалғыз кәсіпорын. Мұнда дәрілік препараттар субстанциясының экстракцисын сенсінтездеу цехы, сондай-ақ, дәрілік өсімдіктердің 80-нен астам түрінің коллекциялық учаскелері жұмыс істейді. Орталық бөлімшелерінде тәжірибеден өткен көптеген студенттер мен магистранттар бүгінде орталықтың және зауыттың тәжірибелік-өндірістік цехтарына жұмысқа орналастырылған. Сондай-ақ, фармацевтикалық



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

кәсіпорындарда, ғылыми-зерттеу орталықтарында және университеттерде де табысты еңбек етіп жүр.

Орталық қызметкерлерінің 1 850-ден астам ғылыми еңбектері рецензияланған және жоғары рейтингті журналдарда жарияланып тұрады. Сонымен бірге, 25 монография жарық көрді. Одан бөлек, өнертабысқа 100-ден астам өтінім берілді. Жалпы, ел бойынша 85-тен астам патент, 10 АҚШ патенті, 3 Еуропалық патент, 3 Еуразиялық патент, сондай-ақ, Қытай, Грузия, Украина патенттеріне қол жеткізілді. Бір ғана «Арглабин» препаратын алу тәсіліне патентті Ресей Федерациясының халықаралық өнеркәсіптік меншік институты 25 млн 336 мың АҚШ долларына бағалаған болатын. Препарат Ресей Федерациясында, Қырғызстанда, Грузияда және Өзбекстан, Тәжікстан және Беларусь республикаларында ісікке қарсы агент ретінде тіркелген.

«Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы мен Қарағанды фармацевтикалық зауытының барлық өндірістік учаскелері GMP халықаралық талаптарына сәйкес келеді және «Найтек Аспап», «Гензер», «Альфа Хром» (Германия), «Милипор» (Франция), «Натекс» (Австрия) және басқа да компаниялардың заманауи фармацевтикалық жабдықтарымен жабдықталған.

2021-2025 жылдары Қарағанды фармацевтикалық зауыты 230 млн теңгеден астам сомаға «Арглабиннің» 520,0 мыңнан астам ампуласын шығарды. Қазақстанда «Арглабин» препараты Қарағанды, Алматы, Павлодар, Астана, Петропавл, Қызылорда, Шымкент, Атырау, Ақтөбе, Көкшетау қалаларының онкологиялық клиникаларында қолданылады. Бүгінгі таңда аталған дәрілік зат 3 900-ден астам онкологиялық науқастың дертіне шипа болды. Клиникалық оң нәтижесі 86%-ды құрайды.

Халықаралық деңгейде алыс және жақын шет елдердің 30-дан астам ғылыми ұйымдарымен ынтымақтастық бойынша жемісті және ауқымды жұмыс жүргізілуде. Оның аясында магистратура және докторантура бойынша білікті мамандарды даярлауды Германия, АҚШ, Түркия, Пәкістан, Чехия, Польша, Ресей, Беларусь, Қырғызстан және Әзірбайжанның белгілі ғалымдары жүргізеді.

Әлбетте, ғалымдардың талай жылғы еңбектері еленіп, түрлі құрметті атақ иегерлері атауында. Соның ең негізгісі ел Президенті Жарлығымен орталықтың жетекші ғалымдары – С.Әдкенов, В.Сирота, Х.Итжанова, М.Мұхаметжанов, А.Кагарилицкий, К.Турдыбеков Қазақстан Республикасының Ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлығына ие болды. Сонымен қатар, орталықтың бірқатар қызметкерлері «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен марапатталды. Мамандардың арасында Ғылым және жоғары білім министрлігінің академик Қ.Сәтбаев атындағы сыйлығының, Д.Қонаев атындағы бірінші сыйлығының иегерлері де бар. Осы министрліктің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған мамандар да жетерлік.

Кеше ғана бірегей кешеннің 30 жылдығымен Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек келіп, арнайы құттықтағанына да ерекше атап өту керек.

«Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығының алға қойған жоспарлары көп. 2030 жылға дейін өсімдіктерден жаңа қосылыстарды бөліп алу, олардың молекулаларының химиялық модификацияларын жүргізу және нәтижесінде түрлі дерттерге қарсы дәрілік заттарға қол жеткізуді жоспарлап отыр.

Суреттер «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығынан



Қар – жерге ырыс, ылғал – елге ырыс

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жердегі ылғал жеткілікті ме? Тұқымның өнуі мен көктеуі қалай болмақ? Құрғақшылықтан құтқаратын қандай технология бар? Жердегі ылғал – мол өнімге кепіл бола ма? Жалпы, межеленген жоспар қандай? Бұл бағытта қандай жұмыстар аткарылып жатыр? Біз осы сұрақтарға жауап іздедік.

Қарекет қамданыстан басталды

Агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыруды жүйелі жүргізу, селекция мен тұқым шаруашылығын жандандыру, жаңа технологияларды қолданысқа енгізу, ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігін арттыру, экспорттың әлеуетін күшейту туралы Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, Үкімет агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөнінде кешенді шараларды қабылдады. Тапсырманы орындау шеңберінде 2025 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына 700 млрд теңгеге дейін бағытталды. Қомақты қаражат қарағандылық шаруагерлердің де үлесіне тиді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпановтың айтуынша, 2024 жылдың күзгі және көктемгі дала жұмыстарын қаржыландыру үшін «Кең дала 2» бағдарламасы іске қосылды. Жоғарыдағы қомақты қаражат негізінде жүзеге асып отырған бағдарлама «Ағрамы» қаржылық несиелік қорына бағытталды. Ағрамында ауыл шаруашылықтары 2,4 млрд теңге көлемін қаражат алса, биылғы көктемгі дала жұмыстарына деп осыншалықты көлемде тағы несие берілді. Бұл шаруагерлерге тыңайтқышты алдын ала сатып алуға, техниканы дайындауға және барлық қажетті жұмысты сапалы жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қосымша қолдау тетігі ретінде 5 млрд теңгеден астам субсидия қарастырылды. Атамалшы қаражат тұқым алу, пестицидтер мен тыңайтқыш алу үшін, суармалы алқаптардағы судың бағасын арзандату үшін беріледі. Субсидияның бір ерекшелігі егістік алқапқа қажет-

ті тыңайтқышты ерте көктемнен бастап, алдын ала 60% төлеп қоюға мүмкіндік береді. Ал, қалған 40% жиын-терім аяқталған соң шаруашылық өзі төлейтін болады.

Көктемгі дала жұмыстарын кедергісіз бастап кету үшін жанар-жағармай мәселесі де оңтайлы шешілген. 17200 тоннаға аймақ шаруашылықтарынан өтінім түсті. Жеткізуші оператор – павлодарлық «Ритейл Трейд» кәсіпорны. Литрін 250 теңгеден тасымалдап жатыр.

Егіс алқабының аумағы ұлғаяды

Биылғы жылы егілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының көлемі артып отыр. 1 млн 193 мың гектар алқапқа егін егу межеленуде. Былтырғы жылмен салыстырғанда 100 мың гектарға артық. Сондай-ақ, үш жыл қатарынан болған қуаңшылықты ескере отырып, майлы дақылдар алқабын ұлғайту қолға алынды. Күнбағыс пен зығырға деген сұраныс жоғары болғандықтан бұл жобаны қолдау мақсатында жергілікті бюджеттен субсидия қарастырылды. Алынған шикізатты қайта өңдейтін кәсіпорын ашу жұмысы қолға алынууда. Еңбек өнімділігі 500 тоннаны құрайтын кәсіпорын ішкі нарықты толығымен қамтамасыз етпек. Әрі зауытқа тапсырылған күнбағыстың тоннасына 28 мың теңге, зығырға 5 мың теңге қосымша қаражат төленеді.

Картоп алқабы 12 300 гектарлық несие корпорациясы» АҚ арқылы бір жылға 5%-бен жеңілдетілген несие беруге бағытталды. Алғашында аймақ шаруашылықтары 2,4 млрд теңге көлемін қаражат алса, биылғы көктемгі дала жұмыстарына деп осыншалықты көлемде тағы несие берілді. Бұл шаруагерлерге тыңайтқышты алдын ала сатып алуға, техниканы дайындауға және барлық қажетті жұмысты сапалы жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қосымша қолдау тетігі ретінде 5 млрд теңгеден астам субсидия қарастырылды. Атамалшы қаражат тұқым алу, пестицидтер мен тыңайтқыш алу үшін, суармалы алқаптардағы судың бағасын арзандату үшін беріледі. Субсидияның бір ерекшелігі егістік алқапқа қажет-

Сіңіруге тұқым дайын

«Тары болса, тауық табылады» демекші, егістік жерлер дайын болғанда оған себетін тұқым да әзір. Өткен жылғы егін жинау науқанында өңір шаруашылықтар өздеріне қажетті 109 мың тонна тұқымды дайындап қойған. Бүгінгі күнде тұқымның сапасы



Инфографика авторы Шығар Аманжол

тексерілуде. Ауа райы тұрақтанаып, жерді өңдеу жұмыстары аяқталғанда егіснің бітік шығуына тілекші дикандар бір мезетте дәнді сіңіріп шықпақ. Жалпы, егістік алқаптан мол өнім алу кешенді күтімді қажет етеді. Алдымен сапалы тұқым, минералды тыңайтқыштарды уақытында себу мен пестицидтерді мөлшермен қолдану, жаңа техниканы пайдалану секілді жұмыстарды жүйелі

жүзеге асырумен қатар, ауа райының қолайлы күндері дикандар үшін маңызды. Аймақтағы егін шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың басым бөлігі Қарағанды ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы шығарған «Қарағанды – 30, 31, 60» деп аталатын тұқым түрлері мен республика бойынша жақсы өнім беретін «Астана», «Сәке» тұқым түрлерін өз қалауынша қолдана

алады. Тұқым таңдауда ешқандай шектеу жоқ.

Шаруашылық үшін элиталы тұқым алдыңғы орында. Сондай ақ, I, II, III кластерлі тұқым алғашқыда жақсы нәтиже көрсеткенімен, жылма-жыл ауыстырып отыру қажет. Сапалы астық алу тыңғылықты дайындықты қажет ететіндігін тәжірибелі дикандар жатқа біледі. Мәселен, күзде жаңбырға ұрынып, ылғалдылығы 18% болған бидай тұқымдыққа жарамайды.

Технология – сапалы өнім кепілі

Тұқымға күш беріп, бітік шығуына минералды тыңайтқыштардың тигізер септігі мол. Егер қажетті технологияны уақытылы қолдана, мол өнім алуға кепілдік болмақ. Егістік алқаптың сапасын арттыру мақсатында жүзеге асып жатқан «Кең дала 2» бағдарламасында негізгі басымдық технологияны жүзеге асыруға бағытталған. Бүгінгі күнге тыңайтқыш алуға «Қазазот» және «Қазфосфат» кәсіпорындарымен 600 млн теңгеге келісімшарт жасалып, 12 мың тоннасы жеткізілді. Сонымен қатар, шаруагерлердің қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджеттен 1 млрд теңге қосымша қаражат бөлінді.

Үш жыл қатарынан болған қуаңшылық, егістік алқапта суармалы жүйені енгізуді айқындап берді. Аймақта 99 мың гектар суармалы алқап тіркелген. Оның 75 мың гектары шаруашылықтар иелігінде, қалғаны мемлекеттік қорда. Жалпы, егістік алқаптағы дақылдарды жиі ауыстыру – бірде бидай, бірде арпа, сұлы, картоп егу. Яғни айналым тізбесін енгізу, егістік алқапты әр жыл сайын кезектестіре демалдыру арқылы да сапалы өнім алуға болады.

Аймақ бойынша көктемгі дала жұмыстарына 10 500 трактор, 229 егіс кешені, 4 мыңнан астам тұқым сепкіш, 6 мыңға тарта басқа да топырақ өңдейтін техника жұмылдырылады. Ауыл шаруашылығы техникаларын жанартудың да тиімді тәсілі қарастырылған. Егер қажетті техниканы лизингке алса, кепілдікке сол алынған техника қойылады.

Экспорт көңіл көншіте ме?

Басын көтеріп, елден сұрағанша, басын иіп, жерден сұрайтын дикан үшін маңдай тер еңбегінің өтеуі қашанда маңызды. Көктемде күтіп, ала жаздай аптапқа ұрындырмай, күзде қамбасына құйылған астықты шетелге шығарып тиімді бағада сатуды дұрыс жолға қойған. Былтыр аймақтан 27 мың тонна бидай, 4300 тонна арпа, 105 мың тонна ұн көршілес Өзбекстан, Ауғанстан, Тәжікстан мемлекеттеріне экспортқа шыққан.

Сондай-ақ, аймақтағы 17 ұн тарту кәсіпорындары ішкі нарықты үнмен толық қамтамасыз етіп отыр.

Егіснің шығымы қандай болмақ?

Аймаққа құбылмалы ауа райы тән болғандықтан, көктем мен жазғы жауын-шашынды болжау мүмкін емес. Дегенмен, білікті агроном мамандар мен тәжірибелі шаруашылық иелері табиғаттың тылсым жайттарына қарап, өзінше болжайды. Айтуларынша, биыл егін жақсы болмақ. 2021 жылдан басталған қуаңшылық үш жыл қатарынан диканшылардың еңсесін түсіргені тағы бар. Қар түсімі, жаңбырдың жаууы, айдың туысы секілді жайттарды ескеріп, жақсылыққа балап отыр.

– Биыл қар нормаға сай түсті. Қатты аяз болмағандықтан жерге тоң түсіп үлгермеді. Бұл біріншіден, көктемгі су тасқынының алдын алды. Екіншіден, сай саладан аққан қар суы біркелкі жерге толықтай сіңіп жатыр. Оның үстіне жауған жауынның да пайдасы бар. «Қар аз жауды, су мөлшері аз» деп алаңдаудың қажеті шамалы. Бастысы жерде ылғал бар. Айдың туысы да жаман емес, алдағы уақытта тұқым жерге түскеннен кейін маусым айында жауын жауса, дөңектің көктеуі жақсы болады. Шілде айында жауған жаңбыр бидай сабағына нәр болмақ, – дейді «Республикалық фитосанитарлық диагностика» деген миллиардерлер қарапайым-ақ жүреді емес пе? Ал, біздің қоғам әлеумет үшін жұмыс істейді, иллюзиямен өмір сүреді.

Сағыныш ӘБІЛОВА

Суреттер облыстың ауыл шаруашылығы басқармасынан

Қарызы жоқтың көңілі тоқ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Біз бұл адамдарды жұмыспен қамту, еңбек мобильділігі орталықтары арқылы іздеп, оқуға шақырып жатырмыз, – дейді Әсел Атабаева.

Қарағанды облысында аталған санатқа жататын 88 мың адам бар. Жобаның биылғы жоспарына сәйкес 27 мың адам қамтылуы тиіс. 30%-ы офлайн болса, қалғаны оқуды онлайн өтеді.

Жобаның ең басты мақсаты – қаржылық сауаттылықты арттыру, ал, ең негізгісі – несие алып, қайтара алмай жүрген азаматтарға көмектесу. Олар несиеге қалай тәуелді болып қалғанын өздері де байқамайды, соңында оны өтеуге мүмкіндіктері болмай, киналады. Жоба мамандары осындай қиын жағдайға тап болған жандарды іздеп тауып, тығырықтан шығуға көмектеседі. Оның бірнеше жолдары бар.

– Мәселен, жеке тұлғаны банкрот деп тану, – дейді Әсел Атабаева. – Оны сотпен және сотқа дейін жүзеге асыруға болады. Биылдан бастап банкроттықты сот арқылы растап жүрміз.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру секілді құралдар қолданылады. Әдістер әр адамның жағдайына қарай таңдалады. Айта кететін маңызды жайт, біз борышкердің қарызын өтеп бермейміз, оны өзі өтейді. Біз тек қарызын тиімді өтеуге көмектесеміз. Мысалы, ай сайынғы төлем мөлшерін азайтуға, себепті жағдайларда бірнеше айдан бір жылға дейін «демалыс» алуға тағы басқа да көмек береміз.

Ол алаяқтардың кесірінен қарызға батқандарға көмек көрсетілетіні де жеткізді. Несие алаяқтық жолмен рәсімделгені сотта дәлелденген жағдайда банк оны кешіреді. Жоба жетекшісі аталған



«Аманат» партиясының хатшысы Эльдар Жұмағазиев және Әсел Атабаева

бастама халықтың көптеген әлеуметтік мәселелерінен хабардар болып, алдағы уақытта оларды шешуге жол іздеуге ықпал еткенін алға тартты.

– «Қарызсыз қоғамның» арқасында жеті заңнамаға өзгеріс енгізілді. «Несиеден бас тарту» мүмкіндігі енгізілді. Оны қолданған адамға несие рәсімделсе, банк оның үшінші тұлға деп санап, қабілдамайды. Бұл – алаяқтық әрекеттерден қорғануға көмек. Несие мөлшері 100 айлық есептік көрсеткіштен асса, жұбайының (зайыбының) келісімі қажет. Ерлі-зайыпты ажырасқан жағдайда несиеді өтеу екі адамға бірдей бөліну үшін қабілданған жаңашылдық. Әйтпесе, көп жағдайда әйелдер күйеулеріне несие алып беріп, ақыры өздері төлеп қалады. 90 күннен асса, үстемәкі мен комиссия есептелмейді. Одан басқа, табысы жоқ студент-

терге несие беруге тыйым салынды. Сондай-ақ, әскерге кеткен жастардың несиелеріне «демалыс» беру шаралары қабылданды. Мұның барлығы өмірде кездесетін, әр адамның басындағы нақты оқиғалар негізінде енгізілген өзгерістер. Жоба болмаса, бұл мәселелер ашық айтылып, оларды шешу үшін шаралар қабылданбас еді. Осы ретте жобаның «Аманат» партиясының атынан жүзеге асырылып отырғаны, оған қосымша мүмкіндіктер беретінін айтуға болады. Себебі, партия депутаттарының бастама-сымен заңнамаға өзгерістер енгізіліп жатыр. Әйтпесе, «Қарызсыз қоғам» мемлекеттен қаржыландырылатын жоба емес. Инвесторларды біз өзіміз табамыз. Бүгінгі таңда бірқатар екінші деңгейлі банктер жобаның серіктесіне айналды, – дейді Әсел Асанқызы.

Қазіргі уақытта «Қарызсыз қо-

ғам» қазақстандықтардың көпшілігіне мәлім. Жоба жетекшісі қарызға батқан көпбалалы ананың қалай кәсіпкер атанғанын мысалға келтірді.

Алты баланың анасы грант алуға екі рет өтінім бергенімен, қаржылық ұйымдар алдындағы қарызына байланысты бермеген. Жобаға қатысқан оған сарапшылар грант алуға көмектеседі. Жан-жақты көмектің арқасында оның бұғатталған шоты ашылды. Арнайы курстан өткеннен кейін грант қаражатына шаштараз кабинетін ашты.

– Осындай кейстер көп. Қызығушылық танытып келетіндер бар, оқуға құлқы жоқ адамдар да кездеседі. Жоғарыда айтқан санатқа жататындардың көпшілігі «біреу міндетті» деген қағидамен өмір сүретіні қынжылтады. Оқуды керек етпей, бірден несиеден алға тартып, «төлеп бересің бе?» деп сұрайды. Келген адамның қарыз картасын жасау үшін несие тарихы қажет. Соны да электронды үкімет порталына алып бере алмайды. Сондықтан, біз оқыту форматын ауыстырдық. Бұрынғыдай бес күн емес, үш күн оқытамыз, сосын ол адамдарға құжат тапсыруға көмектесеміз. Әр адаммен ілесіп, қай құжатты қайдан алатынын айтып, көрсетпесе, олар жүре береді, – дейді ол.

Мұның алдында Президент тапсырмасы бойынша өмірлік қиын жағдайға тап болғандардың несие-елері кешірілді, жеке тұлғалардың банкроттығы жайлы заң қабылданды, халықтың несиеге тәуелділігін төмендетуге бағытталған заңнама-лық өзгерістер әзірленді. Дегенмен, мұның барлығы жеткіліксіз екенін іс жүзінде аңғару қиын емес. Әлеуметтік мәселенің түйіні қоғамда «қаржылық мәдениет» пен «қаржылық сауаттылық» қалыптас-қанда шешілетін сыңайлы.

– Олардың құлқы болмаса да

қаржылық сауаттылық, ақшаны үнемдеу, жинау туралы жан-жақтан айта беру керек. Ерте ме, кеш пе, адам ойланады, өзгелерге қарайды. Алғашқыда, әрине, қиын, еңбегінің бәрі бекер сияқты. Алайда, алдағы бес-алты жылда халықтың қаржылық сауаты артады деп ойлаймын. Біздің халық шыдамсыз, нәтижесін бүгін көргісі келеді. Бірақ, «Қарызсыз қоғам» ондай жоба емес. Ол нәтижесін біртіндеп береді, – деп ойымен бөлісті ментор.

Оның айтуынша, халықтың аталған санаты бұл көмектен бас тартса да, мемлекет олардан бас тартпайды. Мемлекет үшін әр адам маңызды.

– Кез келген ел шетелдік инвесторлардың келуіне мүдделі. Қазақстан да солай. Әлемдік деңгейдегі алпауыт инвестор келсе, елдің экономикалық, әлеуметтік жағдайы да жақсаяды. Сонда халықтың қарызға батқаны ел үшін жақсы көрсеткіш емес. Сондай-ақ, бұл әлеуметтік шиеленістердің себебі болуы да мүмкін. Сондықтан, мемлекеттік саясат түрлі әдістермен оны шешуге бағытталады, – дейді ол.

Осы ретте қарызға белшесінен батып, күйзелісте жүрген адамдарды жобаға шақыру, олармен тіл табысу да оңай емес екені ойға келеді. Сарапшылар әрі қаржыгер, әрі психолог болуы керек. Әсел Атабаева да жақанда ғылыми-педагогика са-ласында магистратура тәмамдапты. Экономист қаржыгерде бұрыннан кәсіби қуат біліктілігі бар. Жобаны аймақта жүзеге асыратын төрт са-рапшы да сондай білікті мамандар.

– Кешкі уақыт немесе демалыс күндері дегенді «білмейтін» адамдар болады. Неше түрлі нега-тив сөздер айтып, балағаттайтын-дары да бар. Соның бәрімен дұрыс сөйлесіп, болмай жатса, басқа жолдарын нұсқап жіберу керек. Жақсылық жақсылықты тудырады. Мен осыған сенемін, – дейді Әсел Атабаева.

Оның пайымынша, жан-жақты толысқан адам қоғам «Ол туралы не дейді?», «Не киіп, не ішеді?», «Айфонның қандай үлгісін ұстайды?» деген сынайдағы сұрақтарға басын қатырмайды. Әлемде «мен-мін» деген миллиардерлер қарапайым-ақ жүреді емес пе? Ал, біздің қоғам әлеумет үшін жұмыс істейді, иллюзиямен өмір сүреді.

– Біз оқытпаймыз, тәрбиелей-міз десек, дұрыс болмайтын сияқты. Бала күнімізде еңбектеуді, жүруді, тамақтануды, оқуды ата-ана үйре-теді. Ал ақшамен жұмыс істеу-ді ешкім үйретпейді. Қарызсыз қоғамда өмір сүру үшін ақшамен жұмыс істеу дағдысы қалыптасу керек. Ең екіншісі, қарызға өмір сүруге үйреніп алдық. Мұндай от-басында тәрбиеленіп жатқан бала-ларда да «қарызсыз өмір сүруге болады» деген түсінік жоқ. Әуелі ақшаны табуды емес, оны үнем-деуді үйренген дұрыс. Алдын ала жоспарлау, жалақының бір бөлігін жинау, эмоционалды сатып алулар-дан аулақ болу – қарапайым әрекет-тер болса да, нәтижелі. Тек жасап көру керек, – дейді ол.

«Қарызсыз қоғам» жобасы алғаш рет 2023 жылы елдің сегіз аймағында жүзеге асырылды. Бұл жылы 20 мыңнан астам қазақстан-дық оқып шықты. Президент тапсырмасынан кейін республика көлеміне таратылды. Аймақта жоба былтырдан бастау алады. Былтыр жоспар артығымен орындалғанын айттады мамандар. Әуелде жоспар-ланған 9 мың емес, 11 мың адам оқып шықты. Ел бойынша 780 мың адам жобаға қатысты. Жобаның өткен жылғы қорытындысы бойынша 40%-дан астам қатысушы – қарыз жүктемесін, 70%-ы – ай сайынғы несие төлем мөлшерін, ал, 41%-ы – несие-лердің жалпы санын азайтуға қол жеткізген.

Сурет Әсел Атабаеваның жеке мұрағатынан

• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Киіз кітаптың киесі

Мемлекет басшысы «Біз экономиканың өсімін кемінде 6-7 пайызға жеткізуіміз керек. Ол үшін бизнестің жеке бас-тамаларына барынша қолдау көрсету қажет» екенін атап өтті. Бұл шарттың мәнін «Мемлекет бизнестің дамуы үшін барынша қолайлы жағдай жасайды және жекеменшіктің толық қорғалуын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде кәсіпкерлер өздеріне жүктелген міндетті, атап айтқанда, салық төлеу, экономикаға инвестиция құю, жұмыс орындарын ашу, қызметкерлеріне қолайлы еңбек орта қалыптастыру секілді міндеттерді адал орындайды» деп түсіндірді. Отандық өнімнің дамуына үлес қосқан қарағандылық Виктория Қалиева балаларға арналған киіз кітаптары арқылы халықаралық нарыққа шықты.



Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Үш баланың анасы осылайша өзіне ұнайтын хоббин толыққанды бизнеске айналдырды. Бүгінгі таңда оның my_lovely_felt бренді Қазақстанда ғана емес, одан тыс жерлерде де табысты жұмыс істейді. Тапсырыстар АҚШ, Германия, Эстония және Ливаннан келеді.

– Киізден жасалған кітаптарды шығару баламмен сөйлесу және оның моторикасын дамытуға көмектесу идеясынан басталды. Киіз қауіпсіз және тактильді материал тігуге әрі балалардың қабылдауы үшін де ыңғайлы болды. Әр тапсырысқа баса ден қоямын, – дейді Виктория Қалиева.

Жобаның дамуына Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасы мұрындық болды. Виктория Coca-Cola belesteri байқауына қатысып, грант алып, өндіріс көлемін ұлғайт-

ты. Сонымен қатар, палатаның ұсынымдарының арқасында кәсіпкер «Шағын кәсіпкерліктегі әйел» бағдарламасы бойынша оқу оқып, онда тұрақты бизнес-модель құру бойынша практикалық білім алды.

Қазіргі уақытта Виктория команда құрамын кеңейтіп, бизнестің әлеуметтік бағытын күшейтуді жоспарлап отыр. Атап айтсақ, күн тәртібінде зейнеткерлерді бұйымдарды тігуге тарту жоспары бар. Оның айтуынша, бұл «Күміс жастағы» адамдарды қызықты жұмыспен және қосымша табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

My_lovely_felt бренді балаларына сапалы, білім беретін және экологиялық таза ойыншықтарды таңдайтын ата-аналарға бағытталған. Бұл орайда Виктория кез келген сәтті істің негізі – үнемі дамуға деген құштарлық пен ұмтылыста екенін атап өтті.

Кәсіпкерлікке өріс кең

Облыста 2024 жылы жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 6,6%-ға артып, 99 190-ды құрады. Оның ішінде, шағын және орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары 19,3 мың, жеке кәсіпкерлер – 69,8 мың, шаруа, фермер қожалықтары – 10,1 мың. Осыған қарап, қаржылай қолдаулардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі артып келе жатқанын ұғынуға болады. Қайтарымсыз негіздегі мемлекеттік гранттар беру де табысқа бастайды.

Ел азаматтарының әл-ауқатын арттыру және мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін орындауға кепілдік беру Президент үшін қашан да алғашқы орында. Мемлекет басшысы Көкшетаудағы Ұлттық Құрылтайдың отырысында Үкімет әзірлеген салық реформасына қатысты жаңа тәсілдерді мақұлдап, негізгі экономикалық және әлеуметтік факторларды ескеретінін атап өтті.

Бұл ретте кәсіпкерліктің маңызы зор. Мемлекет басшысының сөзі салық реформасына кешенді әрі теңгерімді көзқарас қажет екенін растады.

Салық жүйесін реформалау – бизнестің барлық деңгейде дамуы үшін маңызды. Бұл мемлекет пен бизнес арасындағы диалогтың жалғасатынын білдіреді. Үкіметтің түпкілікті шешімі бюджет қажеттіліктері мен экономиканың даму теңгерімін сақтай отырып, кәсіпкерлер үшін жаңа кедергілер туғызбауы тиіс. Осы орайда аймақта кәсіпкерлерді қолдау бағдарламаларының жеміс беріп отырғанын атап өткен жөн.

Кәсіпкерлерді қолдау және ынталандыру мақсатында Үкімет инфрақұрылымды дамытып, жеңілдетілген қаржы бөлу және отандық өндірушілерге салықтық жеңілдіктер мәселесін қарастырды. Сондай-ақ, субсидиялар және басқа да қолдау түрлерін алатын офтейк-келісім-шарттар жасау бойынша шаралар қабылдануда. Үкімет кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау, түрлі қаржылай көмек көрсету керектігін ұғынып, әлі де бірқатар бағдарламалар әзірленетінін жариялады.

Атап айтқанда, сарапшылар қауымы, жалпы қоғам да қосымша құн салығының мөлшерлемесін көтеру қажеттілігін түсінеді. Мұндай тәжірибені көптеген шетелдерде қолданады. Бұл ретте Президент мемлекеттің әлеуметтік көмегі бірінші кезекте мұқтаж азаматтарға



Сурет авторын

бағытталуы тиіс екендігін, басымдыққа ие емес шығыстарды қысқарту қажет екенін атап өтті. Осыған байланысты Үкіметке жыл соңына дейін бюджеттің басымдыққа ие емес шығыстарын оңтайландыру тапсырылды. Әлеуметтік салықтан түсетін түсімдер қазір облыс әкімдіктерінің қарамағында қалатыны белгілі. Мемлекет басшысы бұл ақшаны үнемді және тиімді жұмсауды, ал, елге пайда әкелетін әлеуметтік маңызы бар жобаларға басымдық беруді де атап өтті.

Бұл ретте ол өңірлерге әлеуметтік нысандарды салуға қайтарылған заңсыз активтерден де қаражат бөлінетінін еске салды (үш жыл ішінде 2 трлн теңгеден астам қаражат қайтарылды). Мы-

сал ретінде ол Көкшетауда көпфункционалды спорт кешенінің құрылысын келтірді.

Президент Бұрабайда өткен Құрылтайда кәсіпкерлер қауымдастығына қатысты мәселелерге тоқталды. Осы орайда Қарағанды облысының кәсіпкерлер қауымдастығы өңірдің табысты жұмыс істейтін қауымдастықтарының бірі екенін айта кеткен жөн. Қауымдастық өңірлік және республикалық деңгейдегі 25-тен астам консультативтік-кеңесші органдарда олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында бизнес пен ҰЕҰ мүдделерін біріктіреді.

Қауымдастық және оның серіктестері нормативтік-құқықтық актілерге (ре-

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

«Жасыл ел» сапқа тұрды

Қарағандыда 7 сәуірден жыл сайын дәстүрге айналған «Жасыл ел – 2025» жастар бағдарламасына қабылдау басталды. Биыл еңбек жасақтарына 2000 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланып отыр.

Атап айтқанда, 14-15 жас аралығындағы – 1200 адам, 16-дан 34 жасқа дейінгі – 800 адам жұмыспен қамтылмақ.

Бұл ретте халықтың әлеуметтік осал топтарына басымдық берілетінін айту керек. Қабылдау 7 мамырға дейін жалғасады.

Құжаттар электрондық түрде қабылданады. Тілек білдірушілер

электрондық сауалнаманы @qaragandy_jastyry және @jasyyle_krg Instagram профайлының сілтемесі бойынша толтырып, PDF форматындағы цифрлық құжаттарды тіркеуі қажет.

«Жасыл ел» еңбек жасағының құрамына кіру үшін онлайн-өтінім, өтініш берушінің жеке куәлігінің немесе туу туралы

куәлігінің PDF форматтағы көшірмесі тіркеледі. Ал, кәмелетке толмағандар ата-аналарының немесе заңды қамқоршыларының жеке куәлігінің көшірмесін қоса тіркеуі қажет.

Сондай-ақ, тіркелу орны бойынша емханадан медициналық анықтама талап етіледі. Бұл ретте, әлеуметтік осал санатқа жататын мәртебені растау туралы құжат та қажет екенін айту керек.

Онлайн-өтінім беру сілтемесі қолжетімді.

Қарағанды бойынша «Жасыл

Серік САНАУБАЕВ, Қарағанды облысының кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы

Киберпол дабыл қағады

Интернет-алаяқтықпен күрес елімізде жүйелі сипат алууда. Цифрлық технологиялардың дамуымен қатар, алаяқтық әрекеттердің де түрлері көбейіп, халықтың қаржылық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіруде. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алаяқтық әрекеттердің жиілеуі туралы бірнеше рет мәлімдеме жасаған болатын. Атап айтқанда, 14 наурызда Бұрабайда өткен Ұлттық Құрылтайдың ІV отырысында ол интернет-алаяқтардан зардап шегетін азаматтардың саны артқанын атап өтті. Одан бөлек, биыл Үкіметтің кеңейтілген отырысында цифрландыру дамыған сайын алаяқтық әрекеттердің көбейіп бара жатқанын және мұндай әрекеттер азаматтардың қауіпсіздігіне және елдегі тұрақтылыққа үлкен қатер төндіретінін айтты. Бұл ретте құқық қорғау органдарына нақты тапсырмалар беріп, алаяқтарға ешқандай жеңілдік болмауы керектігін ескертті.

Салтанат ЛПНЦ, «Ortalyq Qazaqstan»

Осыған байланысты құқық қорғау органдарының, соның ішінде облыстың полиция департаментінің киберполиция бөлімшелерінің жұмысы жаңа деңгейге көтеріліп отыр. Мәселен, өткен жылдың өзінде 924 дропты анықтады. Ал, биылғы көрсеткіш – 381 дроп. Яғни, жыл сайын қаржылық алаяқтар үшін банк карталарын, шоттарды, басқа да деректерді тіркеуге келісім бергендер санының артып келе жатқанын байқауға болады. Олар көп жағдайда өздері де алаяқтық тізбегінің бір бөлігі екенін толық түсіне алмай жатады. Бұл – елдің, оның ішінде, облыстың киберқауіпсіздігі үшін дабыл қағарлық көрсеткіш.

– 2025 жылдың алғашқы үш


айының өзінде облыстың полиция департаменті қызметкерлері 381 дропты әшкереледі. Бұл көрсеткіш алаяқтық әрекеттерінің белсенділігі әлі де жоғары екенін аңғартады. Сондай-ақ, құқық қорғау органдары тарапынан үнемі мониторинг жүргізіліп, алдын алу шаралары қолға алынуда, – дейді Қарағанды облысы полиция департаментінің киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы, полиция полковнигі Мейрам Базарбаев.

Жалпы, дроп дегендер кімдер? Қарапайым тілмен айтқанда, бұл – үшінші тұлғаларға банк шоттарын немесе жеке деректерін «мәлім еткен» адамдар. Ол шоттар кейін интернет-алаяқтар арқылы заңсыз қаржылық операциялар жүргізу үшін қолданылады. Ал, алаяқтар дроптарды интернеттегі хабарландырулар арқылы табады, әрі «жаалақы төлейміз», «онлайн жұмыс»

деп сендіреді.

– Көбінесе дроптар Telegram, Instagram сияқты әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы «оңай табыс» уәдесіне алданып қалады. Содан өздерінің заңсыз әрекетке қатысқанын кеш түсінеді. Бірақ, заң алдында жауапкершіліктен құтыла алмайтыны анық, – дейді полиция полковнигі.

Полицияның мәліметінше, дроптар бұл – алданған азаматтар ғана емес, қылмыстық әрекетке қатысушы. Аталған жағдайда алаяқтар қарапайым сценариймен жұмыс істейді. Біреуін жоғарыда айтқандай, оңай табыспен алдаса, енді біріне хабарласып, «банк шотыңызға қауіп төніп тұр» деп сендіреді. Кейде жұмыс ұсынып, банк картасын сұрайды. Осылайша дроп өз шотын айтады, ал, алаяқтар сол арқылы заңсыз ақшаны жымқырады.



Сурет шыққ. дереккөзінен

Облыстың полиция департаментінің мәліметінше, дроптардың басым көпшілігі – 18 бен 30 жас аралығындағы жастар. Оларды алаяқтар онлайн арқылы тауып, арзан табысқа қызықтырады.

– Дроптарды банк операцияларын, IP-мекенжайларды, интернеттегі хат алмасуларды тексеру арқылы анықтаймыз. Бұл – ұзақ әрі күрделі процесс, – дейді киберполиция қызметкерлері.

Дропперлік үшін қылмыстық жаза қарастырылған. Мәселен, Қылмыстық кодекстің 28-бабы бойынша басқа адамның алаяқтық әрекетіне көмек көрсетсе, яғни,

банк картасын берсе, қылмыстық әрекетке қатысушы болып саналады. Негізгі қылмыстың ауырлығына байланысты, 199 бап – алаяқтық бойынша жауапкершілікке тартылады. Бұл ретте, жаза қылмыстың ауырлығына қарай тағайындалатынын айту керек. Атап айтқанда, алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденсе, мүлкі тәркіленіп, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады. Егер, қылмыс адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен ірі мөлшерде жасалса, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостан-

ел» жастар еңбек жасақтары 2 маусым мен 31 тамыз аралығында ай сайынғы негізде жұмыс істейтін болады. Олар қаланы көгалдандыруға, аумақты жинауға, экологиялық акцияларға қатысады. Жұмыс күнінің ұзақтығы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес жасына байланысты.

14-15 жастағы жастардың жалақысы – 85 мың теңге, 16 жастан 34 жасқа дейінгілер үшін – 125 500 теңге.

Өз тілшімізден



дығынан айыру көзделген.

Киберпол қызметкерлері кез келген жағдайда сақтық шараларын ұстану қажеттігін айтады. Оның ішінде, бейтаныс адамдарға жеке мәліметтерді, банк карталарының деректерін бермеу, жалақысы тым жоғары, оңай табыс туралы ұсыныстарға күмәнмен қарау және әлеуметтік желідегі «жұмыс», «сауда» топтарында жеке шот ашуға немесе тіркелуге қатысты ұсыныстардан бас тарту керек. Ал, күмәнді әрекетті байқаса, 102 нөміріне хабарласу керек.

Алаяқтықпен күрес полицияның ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті болуы тиіс. Қазіргі таңда дроптармен байланысты қылмыстардың өсуі бұл мәселенің шынайы ауқымын көрсетіп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, құқық қорғау жүйесі бұл бағытта белсенді жұмыс істеп жатыр. Ал, азаматтардың құқықтық сауаттылығы мен сергектігі – алаяқтарға тосқауыл қояр басты факторлардың бірі.

Инфрақұрылым жетістігі жеңіске бастайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында бұқаралық спорт пен балалар спорты дамытуға ерекше мән беріп, осы саладағы заңнаманы жанарту қажеттігін баса айтқан болатын. Сонымен қатар, спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру нысандарының қолжетімділігі мен дамуына ерекше көңіл бөлу керектігін жеткізді. Президенттің спорт инфрақұрылымын дамытуға бағытталған бастамаларының нәтижесінде кейінгі алты жылда өңірде 506 спорт ғимараты пайдалануға беріліпті.



Қолжазғы жасаған Арайым Көктембаева

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алты жыл ішінде ел игілігіне берілген ірі спорт нысандарының ішінде дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, бассейн і бар спорт кешендері, футбол манеждері, жабық хоккей корттары мен фитнес орталықтары бар. Одан бөлек, 401 алаң мен 82 корт салынған. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін 21 спорт нысаны бой көтеріпті.

– 82 спорт объектісіне күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ол үшін бюджеттен 5 млрд 692,7 млн теңге бөлінген. 2021 жылы дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері ашылды. Спортшыларды медициналық бақылауға алып, оңалту жұмыстарын жүргізіп отырады. Бүгінде спортшылардың нәтижесі де жаман емес. Парижде өткен паралимпиада ойындарында параджудо және жеңіл атлетикадан екі қола жүлде бұйырды. Үстел теннисінен жасөспірімдер арасында Тунисте өткен әлем чемпионатында Алан Құрманғалиев тарихи алтынды алып келді, – деді дене шынықтыру және спорт басқармасының мамандары.

2021 жылы Ұлттық спорт түрлері бойынша қауымдастық

Майқұдық пен Қарағанды арасында үлкен спорттық кластер ашылады. Бұл – алдағы күннің еншісіндегі дүние. Сонымен қатар, заманауи футбол стадионын, мұз сарайын салуда жоспарлануда.

Қазіргі уақытта аймақ бойынша спорттық мектеп-интернаттары жеткілікті. Бірақ, келешекте колледж интернатын ашуды жоспарлап отырмыз.

құрылып, құрамына ат спорты бойынша алты федерацияны енгізген. Және сол жылы балалар мен бұқаралық спортты дамыту орталығы да ашылғанын айта кеткен жөн.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының дерегіне сүйенсек, өңірдегі спорт ғимараттарының саны бүгінде 1301-ге өсіпті. Оның 313-і – ауылдық жерлерге тиесілі. Былтыр төрт ірі спорт нысаны пайдалануға берілген. Атап айтсақ, Бұқар жырау ауданының Қарақұдық және Ғ.Мұстафин кентінде, Абай ауданының Топар кенті мен Ақтоғай ауданы Сарышаған кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылған. Топардағы кешен – 100 орындықты. Оның құрылысы-

на бюджеттен 720,7 млн теңге бөлініпті. Кент тұрғындары үшін мұнда барлық жағдай жасалған. Қажетті спорттық құралдар да жеткілікті. Ал, Сарышағандағы кешеннің сыйымдылығы – 150 орындықты. Қазіргі уақытта жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Пайдалануға биыл беріледі деп жоспарлануда. Бұл кешеннің құны – 1,5 млн теңге. Ғ.Мұстафиндегі жаңа кешен – 320 орындықты. Кешенді құруға 1 млрд 256 млн теңге бөлінген. Одан бөлек, өңірде жасанды жабыны бар 49 спорт алаңы және 11 көпсалалы хоккей корты орнатылды. Былтыр жалпы сомасы 862 млн теңгеге өңірдегі 26 спорт нысаны жөнделген. Оның 14-і – мүмкіндігі шектеулі жан-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

дарға арналған нысандар.

Басқарма басшысы Серік Сәпиев «Сауатқа ақрағат» медициналық қызметкерлерімен кездесуінде облыс орталығында келешекте бірнеше спорттық нысан салу жоспарда тұрғандығын баса айтқан еді.

– Майқұдық пен Қарағанды арасында үлкен спорттық кластер ашылады. Бұл – алдағы күннің еншісіндегі дүние. Сонымен қатар, заманауи футбол стадионын, мұз сарайын салуда жоспарлануда. Онда шорт тректен және коньки спортының бірнеше түрінен турнирлер өтеді. Әрі балалар да осы жерге жаттығуға келеді. Қазіргі уақытта аймақ бойынша спорттық мектеп-интернаттары жеткілікті. Бірақ, келешекте колледж интернатын ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл – өңір спортын дамыту жолындағы маңызды қадам, – деді.

Былтыр өңірде төрт спорт нысанының құрылысы басталған еді. Биыл ондағы жұмыстар толық аяқталып, жоспарға сай ғимарат пайдалануға беріледі деп күтілуде. Бұл қатарда салынып жатқан ең ірі кешен – Приозерск қаласында. Кешеннің сыйымдылығы – 210 орындықты. Құрылыс жұмыстары үшін бюджеттен 877,7 млн теңге бөлініпті. Ақтас кентінде де дәл осындай жаңа кешен бой көтермек. Сыйымдылығы – 150 орындықты. Дегенмен, бұл кешеннің құрылысы – 1 млрд 164,8 млн теңге. Қарағайлы кентіне де жаңа кешеннің құрылысы жүргізілуде. 150 орындықты кешен үшін бюджеттен 518,1 млн теңге жұмсалған. Одан бөлек, Қарқаралыда құны 356,8 млн теңге болатын жаңа стадионның құрылысы жүргізілуде.

– Одан бөлек, былтыр тағы төрт жоба «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында қолға алынған. Биыл толық ашылып, ел игілігіне беріледі деп күтілуде. Қарқаралының Көктас ауылына жаңа кешен салынууда. Ол үшін республикалық бюджеттен 300 млн теңге бөлінген. Бұқар жыраудағы Кушоқы ауылына да құны 330 млн теңгелік кешен салынууда. Ал, Ақсу-Аюлы мен Осакаровка кентіне жаңа бассейннің құрылысы жүргізілуде. Ол үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлінген. Және басқарма қарамағындағы ұйымдардың 13 спорттық базасына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Ол үшін бюджеттен 293,1 млн теңге бөлінеді, – дейді басқарманың баспасөз қызметі.

Батылдық пен нәзіктік үйлесімі



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Бұл «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді», – деп атап өтті.

Қазіргі таңда қоғамда еңбеккерлік, кәсібилік сияқты қасиеттер жоғары бағалануда. «Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі», – дейтін Токтар ауылының тумасы Гүлнұр Кенжебаева – мұнаралы биік қранды басқарады. Қран тізгіндеген келіншек осылайша нағыз батылдық пен нәзіктіктің үйлесімін аңғартты.



Қолжазғы жасаған Айбек Рахымов

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Гүлнұрдың әкесі дәнекерлеуші әрі механизатор болып жұмыс істеген. Өзі нәзік жанды әрі үйінің кенжесі бола тұра даланың тірлігіне араласқан. Өртүрлі салаға қызығып, арман қуған ару ойламаған жерден қран басқарушы қызметіне ауысқан. Өзі де бұл жағдайды таңданыспен еске алады.

– Қран басқарудан бұрын әртүрлі салада жұмыс істедім, көңілімнен шықпады. 2010 жылы өнеркәсіптік ғимараттардың қаңқаларын, эстакадаларды дайындаумен айналысатын Қарағанды металл конструкциялары зауыты оқушы ретінде жұмысқа шақырды. Алты ай бойы қран басқаруды оқыдым. Қысқа мерзімді оқу курсынан өткен соң, батыл шешім қабылдап, осы салаға бет бұрдым. Қазіргі таңда «АльянсЛогистик» компаниясы әрі «Жилой фонд» фирмасында мұнаралы биік қранды басқарамын, – дейді Гүлнұр Кенжебаева.

Ол кейінгі жылдары жұмысшы мамандықтарына ерекше көңіл бөлініп жүргенін айтады.

Оны күнделікті өмірде сезініп жүр. Осы орайда өзімен қызмет атқаратын азаматтардың ерекше қолдауы мен қамқорлығына алғысын білдірді.

– Жұмысшы мамандығының мәртебесін көтеру қоғамда еңбек адамының қадірін арттырады. Кәсіби біліктілігін шыңдау – жұмысшылардың қарым-қабілетін жан-жақты бағалау арқылы жүзеге асатын сан салалы үдеріс. Өрине, кәсіби білім беру жүйесін жетілдіру, еңбекақы мен әлеуметтік кепілдіктерді көбейту маңызды. Мамандық таңдағалы отырған жас буынға техникалық білім алуға жағдай жасау керек. Оларға кәсіби бағдар беріп, заман талабына сай мамандықты таңдауға жөн сілтеу қажет.

Қран басқарушының жалақысы көңілімнен шығады. Ұжымда басқарушымыз – мықты әрі командасын ойлайтын адам. Темір болған соң қран сынбай тұрмайды. Сол уақытта электрліктер және дәнекерлеушілер жедел көмекке асық. Жұмыста да азаматтардың қолдауын сезінемін, – дейді ол.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІГАЛЫМ**

• ЖӨРМЕҢКЕ

Жұмысшыға сұраныс бар

Қарағандыда 11 сәуірде кезекті бос жұмыс орындары жәрменкесі өтеді. Шараны Қарағанды облысы бойынша Еңбек ұтқырлығы орталығы ұйымдастырып отыр. Бұл жолы өңірдің 50-ден астам кәсіпорны мен мекемесі 1000-нан астам вакансияны ұсынады.

Жәрменкеде ең алдымен жұмысшы мамандықтарға сұраныс жоғары болмақ. Атап айтқанда, жұмыс берушілер слесарьлар, дәнекерлеушілер, аспаздар, жүргізушілер, жол монтаждаушылары, токарьлар мен түрлі бейіндегі шеберлерді іздейді. Одан бөлек, қызмет көрсету саласының өкілдеріне де сұраныс бар.

Іс-шара жұмыссыз азаматтарға ғана емес, жұмыс орнын ауыстырғысы келетін мамандарға да пайдалы болмақ. Қатысушылар жұмыс берушілермен тікелей сұхбаттасып, жұмыс шарттарын нақтылап, жалақы мен әлеуметтік пакет туралы толық ақпарат алады.

Жұмыс берушілер ресми жү-

мыс, тұрақты жалақы және толық әлеуметтік пакет ұсынады.

– Біздің мақсат – жұмыс беруші мен жұмыс іздеуші арасында ашық байланыс орнатып, бос жұмыс орындарына орналасуға мүмкіндік беру, – дейді ұйымдастырушылар.

Жәрменке 11 сәуір күні сағат 15:00-ден 17:00-ге дейін Қарағанды қаласындағы «Таир» сауда үйінде өтеді.

Жәрменке «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылып отыр. Бұл – техникалық және өндірістік бағыттағы кадрлардың беделін арттыруға бағытталған республикалық бастама.

Өз тілшімізден

• МАРАПАТ

Мемлекеттік қызметтің мерейі үстем

7 сәуір – Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлер күні. Атаулы күнге орай әріптестерін Қарағанды облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильницкий құттықтады.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Дәл осы қызмет көрсетушілердің арқасында рейтингіміздің өсіп келе жатқанын айрықша атап өткім келеді. Бүгін мұнда мемлекеттік қызмет көрсету саласының үздік өкілдері жиналып отыр. Сіздерге жүрекжарды алғысымды білдіремін. Жұмыстарыңыз табысты болсын! Өздеріңізге қашан да құрметпен қараймын. Жарқын жетістікке жетіп, биік белестерді бағындыра бергейсіздер!



Қоғам дамуына қосқан үлкен үлесіңіз әрдайым лайықты бағаланын! – деді басқарма басшысы.

Мерейлі мереке қарсаңында бірқатар мемлекеттік қызметкерлердің мәртебесі асқақтады. Салада жемісті еңбек етіп келе жатқан

11 маманға Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хаты табыс етілді.

Бұдан бөлек, бірқатар мемлекеттік қызметкер Қарағанды облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы басшысының Алғыс

хатымен марапатталды.

Олардың арасында Гүлзат Байделдинова да бар. Гүлзат – бүгінде Бұқар жырау ауданы әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар және қауіпсіздік, мемлекеттік қызметтер мониторинг бөлімінің басшысы.

– Биыл елімізде алғаш рет 7 сәуір – Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлер күні атап өтілуде. Бұл – үлкен қуаныш. Алдағы уақытта да халыққа адал қызмет етуге барымды саламын. Ел сенімін ақтап, әрдайым халық ризашылығына бөлене беруге тырысамын, – дейді Гүлзат Байделдинова.

Аймақтағы мемлекеттік қызметтерді көрсету саласы дамуының оң серпінге ие болуы көрсетілген мемлекеттік қызметтер санының өсуі 3,7% артқанын атап өткен жөн.

Суретті түсірген **Айнар ДӘУРЕНҰЛЫ**

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Асыл мұраның алтын ұясы

Ботақара кентіндегі ЮНЕСКО клубына кіретін «Руханият» қосымша білім беру орталығында ашылғанына 10 жыл толған Бұқар жырау атындағы жыршы-жыраулар сыныбының мерейтойы аталып өтті.



Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл сыныптың ашылуына осы өңірдің тумасы, белгілі айтыскер акын, облыстық мәслихаттың депутаты Айтбай Жұмағұл мұрындық болған еді. Содан бергі уақытта бұдан танымал айтыс акыны Дидар Камидын жетекшілігімен жүзге тарта шәкірт түлеп ұшқан. Олардың арасында ұлтымыздың айтыс өнері мен жыршы-жыраулық дәстүрін ел арасында дамытып, жандандырып жүрген Ұланғасыр Қами, Нұрлыбек Төкенов, Жанарыс Тілеубек, Әлихан Ерғали сынды жас берендер бар.

Мерейтой салтанатына республикаға аты мәлім жыршы-термеші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ өнер университетінің профессоры Алмас Алматов бастаған айтыс акындары, «Алтын домбыра» иегері Мақсат Аканов пен Тілеген Әділов, облыстың білім беру басқармасы басшысының кеңесшісі Сәбит Қонтаев, Тәттімбет атындағы өнер колледжінің директоры Бауыржан Ермұхамбет, Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы, осы ауданның мәдениет саласын 30 жыл басқарған Мүгілсім Шибаета және Дидардың анасы Жанат арнайы келді.

Қонақтар әуелі «Руханият» орталығындағы жыршы-жыраулар сыныбымен танысып, оның ауласына ағаш көшеттерін отырғызып, одан әрі мереке қызығы аудандық Мәдениет үйіне ойысты. Мұнда аталған орталықтың бейнелеу өнері сыныбының оқытушысы Амантай Ақышевтің жеке көрмесі көрсетіліп, сахна төрінен Мақсат Аканов тойға арнау айтып, Алмас Алматов ізгі лебізін білдіріп, талапты жас өрендерге ақ батасын берді. Ал, құттықтау сөз сөйлеген Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын Алмас ағамызға жағалы тон кигізіп, Дидардың анасы Жанатқа орамал жапты.

Бұдан кейін осы өнер сыныбының оқушылары Бұқар жыраудың толғауларын алма-кезек төкпелеп, қазақ жыр-дастандарын толғады. Әсіресе, Виктория Аленинаның «Ша-



нышкылы Бердіқожа батыр» дастанынан ұзақ үзіндіні жырлағаны, осы сынып түлектері Нүрәлі Ботбай мен Ұланғасыр айтқан Бұқарекең жырлары көпшіліктің көңілінен шықты. Ақжан Шыныбек те Бұқар бабамыздың бір толғауын қобызбен күңіренге жеткізіп, елдің ықыласына бөленді. Соңында әншілігімен де көзге түсіп жүрген Ұланғасыр Қами осы күні хитқа айналған «Балқия» әнін тамылжыта шырқап, Дидар Қами шәкірттері Нұрлыбек Төкенов, Әлихан Ерғалимен айтыс жасады.

Қазірде «Руханият» орталығындағы бұл сынып қанатын кеңге жайып, оның аудан ауылдары мектептерінде 7 бөлімшесі бар. Осындай төл өнерімізді өрге сүйреп жүрген өнерпаз өрендеріміз тұрғанда, жыршы-жыраулық дәстүріміз жалғаса бермек.

Бұқар жырау ауданы Суреттерді түсірген Жаңұзақ МӘКШЕВ

• ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Жауапкершілік жетелеген жайсаң жан

Қарағанды облысы Шет ауданының жері талай маңызды тұлғаны дүниеге әкелген. Туған елінің гүлденуі үшін адал еңбек етіп, нар жүгін көтерген нағыз бұраша бұрқыраған аптал азамат Өмірсерік Башенов ағамыз – алыста жүрсе де амандығын тілеп, жақында болса шұрқыраса табысып, емін-еркін әңгімелесіп, шерінді тарқататындардың бірі. Алматы шаһарында қызмет еткен уақытында айбатты да батыр ағамыз Б.Момышұлы, акын Ғ.Қайырбеков сынды асыл ақсақалдарымыздың ортасын көріп, күзсі болған Өмірсерік бауырымыздың айтары көп екеніне шүбәмсі болмас.

Өмірдің бейнеті мен зейнетін қызу шабытпен, түзу бағытымен, алған бетінен айнымай, ауыспалы кезеңдерде ауытқымай, адаспай, ел келешегіне сарабал оймен қарап, заман ағысын қатесіз аңдай білді.

Ауыл балаларына мектеп қабырғасында оқып жүргенде елге танымал, заңгер, ғалым, 40 жыл құқық қорғау мекемесінде жауапты қызмет атқарған Ыдыс Медеуов, қазақ қыздары арасынан шыққан алғашқы академик Шәрбан Батталқызы үлгі болған еді.

Алматы педагогикалық институтына түсіп, ойдағыдай тарих факультетін аяқтап, дипломын алды. Институтты бітірген соң, Қазақ КСР Ішкі істер министрлігінде, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі шаруашылық басқармасында, Қазақстан КП Орталық Комитетінің шаруашылық бөлімінде, Қазақ КСР мемлекеттік құрылыс комитетінде, Қазақстан Театр қайраткерлері одағында, Қазақ КСР Ғылым академиясында, Қазақстанның шетелдермен достық және мәдени байланыс қоғамында, Қазақстан актер үйінің тұңғыш директоры, Алматы-Болашақ баспаханасында жауапты қызметтерді абыроймен атқарып, бүгінде еңбек демалысына шыққан.

Қиын кезде, ауыр істен де тайынбай арлы болуды биік санап, өмірге келгеннен кейін адамша өмір сүру парыз. Ондай адамдар акқоңілімен айналасына шуақ пашып, әрбір әрекетінде үлкен бір сыр жатқандай тереңдікпен жастарға үлгі бола білген, өнегелі еңбекпен жетістікке жеткен, маңдай терімен құрметке бөлен-

ген, халқы бағалаған Еңбек Ерлері Бегім Беркімбаев, Әбу Қайқыбасов, Имаш Қуанышбаев жастарға тағанды тәлім болған. Сонымен қатар, туған ауылдың мектеп түлектерін СССР Халық депутаты Азипжан Жанасбаев, Нұрлан Әбдіров, Нұрғалым Әбдіров, Мейрам Шайкенов, Қоңыр Мұқатайқызын жерлестері әр уақытта мақтан тұтады.

Ауыл – қазақтың алтын бесігі. Өзінің балдәурен кезін өткізген, әліппені танып, білім алған алтын ұя мектебін аңсаған азамат, ауылдың барлық тіршілігі, хал-жағдайынан құлағдар болып тұру перзенттік парыз деп саналады. Мектепте алғаш әліппені үйреткен Ақпар Закиров, Өмірзақ Алтайбеков, Өмірбек Айнеков, Марат Алтынбеков, Амантай Ибраев, Төкен Илясов, Тұрсынбек Исатайұлы, Нескен Жақыпбаева, Мәрзия Жанасбаева, Зура Мұталипова, Қанай Сәлімқызы, Орал, Бөткен Тілеубердиналар, Роза Шутенова сынды қадірлі ұстаздарын, әр жылдары білім ордасын басқарған С.Адамин, А.Арыстанбеков, К.Асубаева, М.Әбдіров, М.Богер, Н.Досымханов, Г.Жанасбаева, С.Жүнісова, Л. Курлаеваларды сағынышпен еске алады.

Өңірден шыққан КСРО Педагогика ғылымдары академиясының академигі Әбдіхамит Сембаев, академиктер Жамбыл Ақылбаев, Байан Рақышев, Яхия Әубәкіров, сатирик Жүсіп Алтайбаевтың жетістікке жету жолдары білім мен біліктілігінде болғаны жастардың көңіліне қонымды.

Бал дәурен балалық шақты бірге өт-



кізген, он жыл бірге оқыған сыныптастары Мейрам, Бактыбай, Барлық, Ғалкеш, Ғалия, Кәрібай, Күләш, Нұрғазы, Райса, Сәулеғұл, Серғали, Турар, Гайша, Загира т.б. деген сағынышы мол жастық шақ бүгінде естен кетпес.

Тамыры терең ұлттық тарихымыздан басталатын ата-баба аманаты ұлт өмірін өркендетуші саналы да салауатты, ұлтжанды, рухы биік парасатты ұрпақты тәрбиелеу. Серікбек-Айнұр мен Ғалым-Гүлмира есімді ұрпақ тәрбиелеп, немере сүйген ата. Ұлдары жоғары білімді, әр салада қызмет атқаруда. «Өзін, сөзін, ниетін таза, іс-әрекетті тазалыққа бағышта», – дейді Өмекен. Өмірінде жауапкершілік жетелеген жайсаң жан, тамыры терең, берер сабағы мен мол тағдыр кешкен, аянбай еңбек еткен, жора-жолдас жүрегіне жол тапқан Өмірсерікке мерейтойында ұзақ та бақытты ғұмыр тілейміз!

Мейірман Елубайұлы ЖАШКЕЕВ
Еңбек ардагері

№172

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

«Бала тәрбиесі бір өнер...»

Халқымыз ұлттың болашағы ұрпақ тәрбиесіне тікелей қатысты екенін жақсы білген және оған ерекше ден қойған. Қазіргі таңда балдырғандардың тәрбие мен алғашқы білім нәрін алатын тал бесігі – балабақша. Бала осында қоғамға, әлеуметтік өмірге бейімделіп, жеке тұлға ретінде қалыптасу кезеңін бастайды.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Нұра өңіріндегі жас өрендердің құт мекеніне айналған мектепке дейінгі ұйымдардың бірі – аудан орталығында орналасқан «Балбөбек» бөбекжайы.

Бұл мекеме 2012 жылдың басында «Балапан» бағдарламасы аясында ашылды. Содан бергі уақытта «Балбөбек» Нұра ауданы білім бөлімінің жол картасы бойынша құзыреттілік орталығы бар, жұмысы өзге мектепке дейінгі ұйымдарға үлгі болатындай бағыттаушы мекемеге айналды.

«Балбөбекте» мемлекеттік тілде 6 топ, оның ішінде ерекше оқу қажеттіліктері бар балаларды қамтитын екі инклюзивті топ балдырғандарды тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарын жүргізуде. Ерекше оқу қажеттіліктері бар балалармен дефектолог, логопед, психолог мамандар түзету-дамыту жұмыстарын жүргізеді.

Бөбекжай кешенінде баланың жан-жақты дамуына бағытталған сенсорлық және робототехника кабинеттері қызмет атқаруда. Робототехника үйірмесіне қатысқан тәрбиеленушілер республикалық, облыстық байқауларда жүлделі орындар иеленіп, білімі мен біліктерін көрсетуде. Атап айтқанда, 2024 жылы

робототехника бойынша «Жас ғарышкер» халықаралық чемпионатында бөбекжайдың «BOBEK NURA» командасы І орын иеленіп, жеңімпаз атанды. Осы оқу жылында «ROBOT MOUSE 2024» республикалық турнирінде Құсбек Байбарыс, Лисица Макар сынды жас робототехниктер жүлделі ІІІ орынды иеленді.

«Балбөбектегі» білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Әжемнің ертегілері», «Алғашқы ұстаз – ата-ана» және «Сығарлы такта» жобалары негізінде мұндағы педагогтар тиісті жұмыс жасап, облыстық семинарлар мен іс-шаралар өткізіп, әріптестері арасында тәжірибелерімен бөлісуде.

Балабақшада ата-аналармен жұмыс оң жолға қойылған. «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ұйымдастырған «Анам, әжем және мен» республикалық байқауының облыстық кезеңінде Нұрай Сайранова атты тәрбиеленуші І орын иеленіп, республикалық кезеңде «Балбөбек» ұжымы арнайы дипломмен марапатталды.

Бөбекжай кешенінде мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған балалар үшін консультативтік пункт жұмыс жасайды. Пункттің басты мақсаты – балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денса-

улығын қорғау бойынша ата-аналарға консультативтік және әдістемелік көмек көрсету.

«Балбөбек» қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйым балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беруге жол ашатын, келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін ұжымға айналды.

«Балбөбек» балабақшасының білікті басшысы, мектепке дейінгі білім беру саласында елеулі жетістіктері бар үшінші санатты маман Құралай Мамалина мекеменің жұмысын оң жолға қойып, жас өрендердің саналы тәрбие, сапалы білім алуына оң ықпал етуде. Еліміздің білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі үшін ұжым 2023 жылы Оқу-ағарту министрлігінің Алғыс хатымен марапатталуы – осының дәлелі.

Қазақ педагогикасының ғылыми негізін қалаған Мағжан Жұмабаев «Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер» деген екен. Осы ауыр өнердің жүгін арқалаған «Балбөбек» балабақшасы ұлт келешегі жас ұрпақтың зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге оңтайлы жағдайлар жасап отыр.

Нұра ауданы

Сурет автордан

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы Қазақстан Республикасының Құрметті журналісі, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Екатерина Борисовна Кузнецоваға немересі

Никита Дмитриевич КУЗНЕЦОВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы Қазақстан Республикасының Құрметті журналісі, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Екатерина Борисовна Кузнецоваға немересі

Никита Дмитриевич КУЗНЕЦОВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы «Индустриальная Караганда» газетінің ардагері, Қазақстан Республикасының Құрметті журналісі, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Екатерина Борисовна Кузнецоваға немересі

Никита Дмитриевич КУЗНЕЦОВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

«SARYARQA» телесарнасының ұжымы БАҚ ардагері, Қазақстан Республикасының Құрметті журналісі, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Екатерина Борисовна Кузнецоваға немересі

Никита Дмитриевич КУЗНЕЦОВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

• ТЕАТР

Аңыз театр Арқаға келді

Қазақ өнерінің қарашаңырағы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының құрылғанына келер жылы 100 жыл толады. Осыған байланысты театр ұжымы әр өңірге гастрольдік сапарға шықты. Өнер иелері Арқаға ат басын тіреп, облыстық С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында өткен баспасөз мәслихатына қатысты. Әрі журналистердің сұрақтарына жауап берді.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Театр ұжымының тарихы тым әріде. Бүгінде ел назарында жүрген талай актер осы қарашаңырақтан канат қаққан. Күні бүгінге дейін ұрпақ сабақтастығын үзбей, қалың көрерменнің ықыласына бөленіп келеді. Баспасөз мәслихатында Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстанның Халық әртісі Асанәлі Әшімов сөз алып, көпшілікке алғысын білдірді.

— Біз де театр сахнасынан шықтық. Театр сахнасында ойнадық. Өнер адамдарында ру болмайды. Бәрі — қазақтың азаматтары. Бәрі халық үшін қызмет атқарады. Ұлттық театр 100 жылдық мерейтой қарсаңында Арқа жұртына келуі

тектен-тек емес. Бұл гастрольдік сапар — шығармашылық есеп беру кеші, — деді.

М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры, өнертану ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін Жүасбек пен қоғам және мемлекет қайраткері Рымбала Омарбекова, Қазақстанның Халық әртісі Кеңес Жұмабеков те арнайы қатысты. Төрт күнге созылатын гастрольдік сапарда 70-ке жуық театр қызметкері бар.

— Біз үшін ең бастысы — халықтың құрметі. Керемет пікір мен мақтау сөзден гөрі халықтың спектакльге деген махаббаты маңызды. Екі театрдың арасында шығармашылық байланыс бар. Бұдан соң Ұлытау облысына барамыз. Одан бөлек, Мәдениет және ақпарат министрлігінің

қолдауымен барлық өңірге фестивальге бару жоспарымызда, — деді Еркін Тілеуқұлұлы.

Рымбала Кенжебалақызы да сөз алып, өнер иелеріне жылы лебізін білдірді.

— Бұл театр бізге бірінші мәрте келіп жатқан жоқ. Сонау жылдары қаражат тапшы, көліктің ыңғайы жоқ кезде барлық құраммен Қарағандыға келіп кеткен еді. Сол кезде театр ұжымының Арқа жұртына деген құрметінің қандай екенін көрдік. Ал, алыстан келген театр ұжымына Арқа жұртының берген бағасы да күні бүгінге дейін есте. Араға талай жыл салып, қайтадан Арқа жұртына керемет тарту ала келіпті, — деді.

Театр ұжымы әуелі М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясын көпшілік назарына ұсынды. Бұл туынды сонау 1926 жылы Қызылордада (сол кездегі астана) тұңғыш қазақ драма театрының шымылдығын ашқан. Одан бері қойылым заман талабына сай талай рет жаңартылды. Осы гастроль аясында театр ұжымы гастрольдік сапардың шымылдығын тарихы терең қойылыммен бастады. Алғашқы күннен-ақ әлеуметтік желіде билеттер қолма-қол сатылған. Тіпті, билет іздеп қабарласқандардың да қарасы көп. Одан кейін Бернард Шоудың «Сүйікті менің періштем» комедиясы, Дулат Исабековтің «Жүз жылдық махаббат» драмасы сахналанды. Ал, соңғы күні Мәдина Омарованың «Ақтастағы Ахико» драмасы көрермен назарына ұсынылды.

Театрдың музей қоры жәдігерлерге бай. Сонау 1930 жылдардан бері келе жатқан дүниелер бар екен. Құнды жәдігерлерді Арқа жұртына көрсету үшін «Ғасыр жасаған мұражай» тақырыбында көрме ұйымдастырған. Көрмеге сол жылдардан бері сақталған бағдарламалар, афишалар тіпті, ұлы тұлғалардың киген сахналық киімдері де қойылған.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• КИОКУШИН-КАН КАРАТЭ

Жас каратэшілер бақ сынайды

Қарағандыдағы Серік Сәпиев атындағы бокс орталығында 10-12 сәуір күндері киокушин-кан каратэ спортынан Қазақстан кубогы өтеді. Аталған турнирге еліміздің барлық өңірінен 550-ге жуық үздік спортшы қатысады.

Үздік каратэшілер 10 сәуірде сағат 17:00-де «торда» күш сынасады. Ұйымдастырушылар негізгі жекпе-жек темірталуық әлем және Азия чемпионы Никита Гарастьин «Жолбарыс» лақап аты бар өзбекстандық кәсіпқой спортышы Ферузжон Мамдияровпен кездесуі болатынын айтады.

Кеше сағат 18:00-ден 19:00-ге дейін — Face to Face Kyokushin Combat Fighting қатысушылары өнер көрсетсе, бүгін, яғни, 10 сәуірде сағат 17:00-ден 21:00-ге дейін — Kyokushin Combat Fighting стиліндегі спортшылар алаңға шығады.



Ал, 11 сәуірде сағат 10:00-12:30 аралығында — 10-15 жастағы спортшылардың (барлық салмақ санаттары) кумите түрі бойынша жарысы, 12 сәуір күні сағат 10:00-19:00 аралығында — кумите түрі бойынша белдесулер өтеді. Мұнда да 16-17 жастағы каратэшілер (барлық салмақ

санаттары) бақ сынайды.

Қата түрінен жарысқа барлық жас топтары, кумите түрінде — 18+ жастағылар (барлық салмақ санаттары) қатысады.

Турнирдің салтанатты ашылуы — 12 сәуірде сағат 13:00-ден 14:00-ге дейін өтеді.

Өз тілшімізден

• ПАРАТЕННИС

Жігерін рухқа жаныған

Елімізде мүмкіндігі шектеулі жандар арасында дене шынықтыру мен спортты дамытуға баса көңіл бөлінуде. Оған — өңірде жыл басынан бері өтіп келе жатқан түрлі бұқаралық спорттық шаралары дәлел. Күні кеше Қарағандыда үстел теннисінен тірек-қозғалыс аппараты бұзылған спортшылар арасында республикалық «Kazaganda open» турнирі басталды. Үш күнге жоспарланған бәсекеге елдің түпкір-түпкірінен 92 спортшы қатысуда. Ал, турнирдің ашылу салтанатына облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев қатысып, жылы лебізін білдірді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл турнир алғаш рет 2011 жылы «Саялы» сауықтыру кешенінде қалалық деңгейде өткізілген. Содан бері дәстүрден жаңылмай келеді. Одан бөлек, демеушілердің де қатары артқан. Биыл сол демеушілердің арқасында жарыстың жүлде қоры 4

млн теңгеге жетті. Әрі үздік шыққан екі спортшыға германиялық үлгідегі арбаны сыйға тартпақ. Ал, турнир халықаралық федерацияның ережесіне сәйкес өтеді. Қатысушылар жекелей, жұптық және абсолюттік санатта бақ сынайды.

— Жарысқа қатысушыларды арнайы құрылған комиссия мүшелері тексеріп, санаттарын анықтайды.



Әуелі жекелей сайыс өтеді. Қатысушылар өз санаты бойынша өнер көрсетеді. Екінші күні жұптық сайысқа тіркеу жүргізіледі. Ал, абсолюттік сынға бәрі қатыса алады. Барлық қатысушыларды жеребе

арқылы жұптастырамыз. Содан кейін қарсыластары анықталады. Ерлер мен әйелдер бөлек ойнайды. Әрі әр аталым бойынша жеңімпаздар жеке-жеке марапатталады, — деді Паратеннис федерациясының Қарағанды

облысы бойынша вице-президенті Дархан Тілемісов.

Жалпы, паратеннис адам денесінің зақымдануына байланысты 10 класқа бөлінеді. Алғашқы бес санаттың қатысушылары өздігінен жүре алатын спортшылар. Ал, бел омыртқасы зақымданған немесе ДЦП диагнозы бар қатысушылар 6-7 санатқа топтастырылыпты. Арбадағы спортшылар 8-10 класстың қатарына енген.

Астанадан келген Балзия Таш 2015 жылдан бері осы спорт түрімен шұғылданып келеді. Бүгінде Ұлттық құрама сапындағы спортшы. Әрі әлемдік рейтингте 26 орында тұр. Бұған дейін бірнеше әлемдік, Халықаралық турнирлерге қатысып, ел қоржынына жүлде салған. Турнирде жекелей сында өнер көрсетуде.

— Теннис — менің өмірім! Қандай жағдай болмасын спорттан қол үзгенім жоқ. Талай жарысқа қатысам да, I орын алмаппын. Ал, Қарағандыға бірінші мәрте келуім.

Тыңғылықты дайындықпен келдім. Осы турнирден I орын аламын деген үмітім бар. Содан кейін айдың соңында Черногорияда өтетін әлем чемпионатына дайындаламын, — деді ол.

Абай қаласынан келген қатысушы Хамит Достяхиннің бұл турнирге бірінші мәрте қатысуы емес. Былтыр өз санатында бақ сынап, II орын иеленген. Спортта жүргеніне алты жылдан енді асса да Орал, Ақтөбе қаласында өткен республикалық турнирлерден жүлде алған. Одан бөлек, «Спорт шеберлігіне үміткер» атағын екі мәрте қорғап та үлгеріпті.

— Осы турнирде бұған дейін ойнаған қарсыластарым жүр. Өз санатымда қарсыластарым осал емес. Орал қаласындағы турнирде шығыс қазақстандық спортшыдан айламы асыра алмағанмын. Енді осы жолы есе жібермеймін. Алда Астанада өтетін спартакиада бар, — дейді спортшы.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Ой жарығы өшпейді



Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті филология факультетінде тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана ашылды. Бұл бастама академик Евней Бөкетовтің 100 жылдық мерейтойына «100 игі іс» жобасы аясында жүзеге асырылған.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұхтар Мағауиннің ұлы Едіге Мағауин, профессорлар Бейсембай Ергалиұлы, Жандос Қожахметұлы кітапхананы салтанатты түрде ашып, құттықтау сөз сөйледі.

Содан соң жиылған жұрт кітап үйін аралап шықты. Кітапхана заманауи талаптарға сай толық жабдықталған.

— Негізгі мақсат — жас буынға құнды білім беру. «Аса мәртебелі студент» дегенді жні айтамыз. Барлық игілік студенттер үшін. Жасала береді де. Мәселен, Жапония, Америка сынды дамыған елдерде кітапхананың 24 сағат жұмыс істейтінін көрдім. Ал, бізде 18:00-де жабылып қалады. «Кейінгі кезде жастарға дұрыс жағдай жасамай жүрміз бе?» деген ой мазалай берді. Неге біздің Арқа жерінде осындай жағдай жасамасқа? Міне, бұған да жеттік. Енді, бұл кітапхана тәулігіне 24 сағат жұмыс істейді. Алдағы уақытта барлық факультеттің кітапханаларын жаңғырту жоспарда, — деді университет ректоры Нұрлан Дулатбеков.

Жаңа кітапхана — студенттер мен оқытушылар үшін ақпарат алу алаңы ғана емес, ой өрбітіп, ғылымға ден қоюға мүмкіндік беретін қасиетті орда.

— Заманауи кітапхана заман талабына сай құрылыпты. Тәңті болдық. Алдағы уақытта жастар ілім-білім пындауға қызмет ете берсін. Байқағаным, Қарағандыға еліміздің басқа да облыстарынан жастар келіп білім алады екен. Бөкетов университеті — еліміздегі жетекші оқу орындарының бірі. Әкемнің бұл университетке, Евней Арыстанұлына құрметі бөлек еді. Осындай шараға қатысқанымға қуаныштымын, — деді Едіге Мұхтарұлы.

Университет ректоры Нұрлан Орынбасарұлы Едіге Мұхтарұлына университет атынан естелік сыйлығын

және кітапханаға жазушы Кемел Тоқаявтың еңбектерін тарту етті. Факультет ұжымы Едіге Мағауинге «Тереңге тартқан тамырын» атты биографиялық кітап сыйлады.

Едіге Мұхтарұлы өз кезегінде университет кітапханасына классик жазушы Мұхтар Мағауиннің 26 томдық толық жинағын және «Қасым» кітап үйі шығарған кітаптарды сыйға тартты.

Жаңа кітапхананың цифрлық жүйеге негізделуі білім алушылардың уақытын үнемдеп, ізденісін жеңілдетуге зор мүмкіндік береді. ID карталар арқылы қажетті кітапты өз бетінше тауып, қолдану — уақыт талабына сай жасалғаны тиімді шешім.

— Кітапхана бір мезетте 100 адамға дейін қабылдап, сапалы қызмет көрсете алады. Қорында 200 мыңнан астам кітап бар. Негізгі залға Евней Арыстанұлы мен оқу ордасының өсіп-өркендеуіне үлес қосқан ғалымдардың портретін ілдік. Жоба бұған дейін университеттің 13 факультетінің үшеуінде жүзеге асырылған. Бұл — төртіншісі. Әрқайсы бір-біріне ұқсамайтын стильде. Филология және филология факультетінде орналасқандықтан, этностиль таңдалды. Келесі кітапхана шет тілдері факультетінде жабдықталмақ, — деді университеттің ғылыми кітапхана директоры Гауһар Қуанышқызы.

Кітапхана сегіз бөліктен тұрады. Олар — конференц зал, жеке жұмыс, сирек қор, мультимедиялық ресурстар, этнозна, абонемент, кітап қоры және оқу залы.

Әсіресе, Wi-Fi желісімен қамтылып, цифрлық жүйенің енгізілуі білім алушыларға зор көмек. Ғылыммен айналысатын жандарға арналған сирек кітаптар қорында екі мыңға жуық кітап бар.

Белгілі кәсіпкер, меценат Ерлан Әшім «Қасым» кітап үйі басып шығарған кітаптарын жаңа кітапхана қорына сыйлағанын атап өткен жөн.

Суретті түсірген
Гүлнар МАҚАН

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
С.Б. ПЛИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD0003131,
БИК KСJBKZKX БИН 000840001412

Тарапалы 4 725
№38 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ